Р.К.Керимбаева, Ш.Т.Жұматаева,
Г.Н.Крымбаева, С.Б.Көшімбетова

# МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ

Оқу-әдістемелік құрал



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ «ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**Р.К.Керимбаева, Ш.Т.Жұматаева, Г.Н.Крымбаева, С.Б.Көшімбетова**

# МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ

**Оқу-әдістемелік құрал**

Тараз, 2022

ӘОЖ: 373.2
КБЖ 74. 102
К 32

**Керимбаева Р.К., Жұматаева Ш.Т., Крымбаева Г.Н., Кошімбетова С.Б.**
К 32 Мектепалды даярлық тобына арналған «Асыл мұра» этнопедагогикалық жобасы. Оқу-әдістемелік құрал. –ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.» Тараз, 2022. -83 бет.

ISBN 978-601-7329-33-4

**Пікір жазғандар:**

А.С.Құрманбекова - Тараз гуманитарлық-инновациялық университетінің доценті, п.ғ.к.

Ш.О.Салимбаева - М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, п.ғ.к.

Н.М.Кушеров - Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.к.

Оқу-әдістемелік құрал вариативті оқу бөліміне енгізілген «Асыл мұра» этнопедагогикалық жобасы арқылы балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама мазмұны мектепалды даярлық тобының балаларын «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық ойлар» жобасымен таныстырудың тиімді әдістері мен жолдарын ұсынады.

Құралды «Психология», «Психология және педагогика», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығында оқитын колледж, университет студенттері мен балабақша тәрбиешілері, психологтар, ата-аналар пайдалануға болады.

ӘОЖ: 373.2
КБЖ 74.102

Баспаға М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған (Хаттама №10, 16 маусым 2020 жыл)

ISBN 978-601-7329-33-4
©Керимбаева Р.К., Жұматаева Ш.Т., Крымбаева Г.Н., Кошімбетова С.Б. 2022

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....................................................................................4

Жылдық жұмыс жоспары.....................................................................8

Мектепалды даярлық тобына арналған «Асыл мұра» бағдарламасының перспективалық жоспары.......................18

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары......................80

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі........................................81

## Түсінік хат

Бүгінгі күні елімізде болып жатқан саяси өзгерістер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ұлтымыздың болашағы, жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда үлкен жауапкершілікті жүктейді. Білім беру жүйесінің оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу, өз Отанын сүйетін, патриот, ұлттық дүниетанымы қалыптасқан тұлға тәрбиелеуді міндеттейді.

Өскелең ұрпақты балабақша қабырғасынан отан-сүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу, еліміздің мәңгілік жасауының алғы шарттары болмақ. «Елім» деген ұл-қыздардың санын арттырып, мемлекетіміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеу мектепке дейінгі мекеменің негізгі міндеті. Ел боламын десең, бесігіңді түзе»-деген М.Әуезовтің сөзінде қаншалықты ұлттық тәрбие, болашақты болжаған көрегенділік жатыр.

Мектеп жасына дейінгі баланың тұлға болып қалыптасуына отбасы тәрбиесімен қатар, балабақшадағы ұлттық педагогикалық тәлімнің орны ерекше. Себебі балабақшада оқып, тәрбиеленген бала мектепалды жақсы даярланады, әлеуметтік ортаға жеңіл бейімделеді, қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді, жалпы ұлттық құндылықтар мен тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады.

Осы орайда мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық дүниетенымын, атадан қалған мұраны қастерлеп, мақтан тұтуға балабақша жағдайында ертеден қалыптастыруға арналған «Асыл мұра» бағдарламасы ұсынылады. «Асыл мұра» бағдарламасы мектепалды даярлық топтың вариативті оқу бөлміне енгізілген, арнайы аппробациядан өткізілген, аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа жоспарланған. Бағдарлама мазмұны негізгі үш жобадан құралған:

-«Ұлттық тағамдар» жобасы -13 сағат

-«Ұлттық киімдер» жобасы- 9 сағат

-«Ұлттық оюлар» жобасы- 14 сағат

Барлығы: 36 сағат

Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалар ұлттық құндылықтар туралы теориялық білім ғана алып қоймай, сондай-ақ тәжірибе жасау арқылы жобалық іс-әрекеттер орындайды, еңбек етуге дағдыланады. Сонау ықылым замандарда қазақ халқымыздың ғылыми білімі мен жазу сауаттылығы болмаса да, бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұрпақ дамуына көрегенділікпен қараған.

Бала қабілетінің  қайнар көзі оның саусақтарының ұшында екенін білуінің өзі көрегендік емес пе? Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды. Яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе, ақылы да сонша өседі. Олай болса ұлттық педагогика материалдарын балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға неге пайдланбасқа?

Этнопедагогика әдістерін жобалау іс-әрекетінде жүзеге асыру, сатылай күрделендіріліп, әрбір кезеңін жетілдіріп  отырады. Оқу қызметі барысында тақырыпқа сай мақал-мәтелдер, тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу арқылы балалардың сөздік қоры молаяды. Өздігінен сурет салуға, ою, қию дағдыларын меңгереді. Жобалық іс-әрекетті үйлесімді орындау, ұжымдық жұмысты бірлесіп жасауға, істеген жұмыстарын түсіне білуге тәрбиеленеді.

*«Ұлттық тағамдар» жобасы* аясында  балаларға ұлттық тағамдар туралы тереңірек мағлұматтар беріледі, ой қозғау тәсілдері арқылы балалардың танымдық қызығушылығын, өз бетімен әрекеттену дағдысы дамиды. Тәжірибелер жасау барысында сүттің айранға айналуы, айранды іріту, айраннан майдың шығуы, сүзбеден құрт жасау, қаймақтан май былғау бидайдан ұн тарту, келіге арпа, бидай түю т.б. әрекеттер жасауға машықтанады. Тәжірибе жасау арқылы балалар күнделікті тұтынып жүрген дайын өнімің қалай жасалатыны жөнінде мәлімет алады. Сол затты халқымыз қалай жасағаны туралы дүниетанымдық білімді меңгереді, еңбек етуге үйренеді.

*«Ұлттық киімдер» жобасы* балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің барша сымбатына, ою-өрнегі мен әшекейіне қызықтыру, оларды дұрыс айтуға, бұрын меңгерген білімдерін кеңейтуге бағытталған. Жобалық іс әрекетте қолдың ұсақ саусақ моторикасын дамыту жұмыстары жүргізіледі. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге, мақтан тұтуға, құрметтеуге тәрбиелейді. Әсемдікті, сулулықты көре білуге дағдыландыру мақсатында балалармен жұмыстар жүргізіледі. Балалар өз қолдарымен қағаздан, фетрден, матадан ұл балаларға және қыздарға арналған  ұлттық  киімдердің суреттерін салып, қиып, макеттерін жасайды. Атап айтқанда  зерттеу-іздену жобасында  балалар халық даналықтарымен танысады, тәжірибелер жасайды, зерттейді, таниды.

*«Ұлттық оюлар» жобасында* балалар қазақ халқының ою өрнектерінің бірнеше түрлерімен танысып қана қоймай, оларды өз

қолдарымен жасап, қиып, жапсырады. Балалардың сенсорлық дамуы, ою-өрнектердің геометриялық пішіндерін, түрлі түсті бояу түрлерімен танысып оларды бір-бірінен ажыратуды да үйренеді. Ою-өрнектердің сан ғасырлар бойы жинақталған сырлары мен тарихын меңгереді, саусақтарымен құрастырымдық қимыл іс-әрекеттер жасайды. Мұндай өрнектер жобасын құрастыру балаларды сабырлыққа, төзімділікке, ептілікке еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ бабалар мұрасының бұл өнер түрі жас ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастырып, балалалар шығармашылығын шыңдайды.

«Ұлттық оюлар» жобасы балалардың зейінін дамытып, бейнелеуге деген қызығушылық қабілетін арттыруға, саусақ қимылдарын дамытуға бағытталған. Жоба жасау барысында балалар белсенді қарым-қатынас жасап, бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйренеді.

Жоба барысында балаларға ою, текемет, сырмақ, түс кілемге қажетті геметриялық фигураларды жасау, қазақ ертегі сюжеттерінің пазлдарын құрастыру, ұлттық киімдер кию, киіз үй жабдықтарын әзірлеу арқылы сенсорлық даму жүзеге асырылады.

*Ұлттық этнопедагогикалық жобалауды енгізудің тиімділігі:*

- Балалардың ұлттық дәстүрге танымдық қызығушылығы, белсенділігі, өз бетінше әрекет ете алуы, тіл байлығын арттырады.
- Балалардың мектепке толық даяр болу деңгейі, өздігінше ой-қорытуы дамиды, ұлттық құндылықтарды таниды.
- Балалардың ұлттық дүниетанымын, танымдық құзыреттілігін қалыптастырады.

## ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

| № | Тақырыбы | Сағаты |
|---|---|---|
| 1 | Ұлттық тағамдар, олардың түрлері | 1 |
| 2 | Ет тағамдары (ет, қуырдақ, қазы, қарта) | 1 |
| 3 | Жобалық іс-әрекет: «Етке қамыр жаю» (тәжірибе) | 1 |
| 4 | Ұн тағамдары (бауырсақ, шелпек, қаттама, жент, талқан) | 1 |
| 5 | Жобалық іс-әрекет:«Бауырсақ, шелпек жасау» (тәжірибе) | 1 |
| 6 | Жобалық іс-әрекет:«Жент, талқан әзірлеу» (тәжірибе) | 1 |
| 7 | Сүт тағамдары (сүт, айран, қаймақ, май, ірімшік, сүзбе, құрт) | 1 |
| 8 | Жобалық іс-әрекет:«Сүт ұйыту, айраннан май алу» (тәжірибе) | 1 |
| 9 | Жобалық іс-әрекет:«Сүзбе, құрт жасау» (тәжірибе) | 1 |
| 10 | Жобалық іс-әрекет:«Ірімшік жасау, қаймақтан май былғау» (тәжірибе) | 1 |
| 11 | Қазақ халқының сусындары (айран, қымыз, шұбат, сусын көже, ашымық ) | 1 |
| 12 | Жобалық іс-әрекет:«Сусын көже, ашымық даярлау» (тәжірибе) | 1 |
| 13 | Қорытынды жобалық оқу қызметі: «Қазақтың ақ дастарханы» | 1 |
| 14 | Ұлттық киімдер, олардың түрлері | 1 |
| 15 | Ата мен әже киімі (тымақ, шапан, мәсі, жейде, кимешек, көйлек, камзол, орамал, кебіс) | 1 |
| 16 | Жобалық іс-әрекет:«Атама киім жасаймын» | 1 |
| 17 | Жобалық іс-әрекет:«Әжемнің әдемі киімдері» | 1 |
| 18 | Жобалық іс-әрекет:«Қыз бала киімі» (көйлек, камзол, бөрік, сәукеле, етік) | 1 |
| 19 | Жобалық іс-әрекет:«Ұл бала киімі» (жейде, шалбар, көкірекше, белдік, тақия) | 1 |
| 20 | Батырлар киімі (көйлек, сауыт, етік, дулыға) | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 21 | Хандар киімі (құндыз бөрік, сәнді шапан, былғары етік) | 1 |
| 22 | Қорытынды жобалық оқу қызметі : «Киім дүкені» | 1 |
| 23 | Ою-өрнектер және олардың түрлері | 1 |
| 24 | Жобалық іс-әрекет:«Мүйіз, қошқар мүйіз ою-өрнегі» | 1 |
| 25 | Жобалық іс-әрекет: «Сынықмүйіз ою-өрнегі» | 1 |
| 26 | Жобалық іс-әрекет: «Түйетабан ою-өрнегі» | 1 |
| 27 | Жобалық іс-әрекет: «Балдақ ою-өрнегі» | 1 |
| 28 | Жобалық іс-әрекет: «Қармақ ою-өрнегі» | 1 |
| 29 | Жобалық іс-әрекет: «Тарақ ою-өрнегі» | 1 |
| 30 | Жобалық іс-әрекет: «Су өрнегі» | 1 |
| 31 | Жобалық іс-әрекет: «Ботакөз өрнегі» | 1 |
| 32 | Жобалық іс-әрекет: «Ит құйрық өрнегі» | 1 |
| 33 | Жобалық іс-әрекет: «Ирек өрнегі» | 1 |
| 34 | Жобалық іс-әрекет: «Қос дөңгелек өрнегі» | 1 |
| 35 | Жобалық іс-әрекет: «Тұмарша өрнегі» | 1 |
| 36 | Қорытынды жобалық оқу қызметі: «Ою-өрнектер әлеміне саяхат» | 1 |
| | **Барлығы 36 сағат** | |

**Мектепалды даярлық топ балаларына арналған «Асыл мұра» бағдарламасының перспективалық жоспары**

| ҰОҚ № | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|
| **ҚЫРКҮЙЕК** | | |
| №1 | Ұлттық тағамдар, олардың түрлері. | Ұлттық тағамдар туралы тереңірек мағлұматтар беру, ой қозғау тәсілдері арқылы балалардың танымдылықтарын, өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. |
| №2 | Ет тағамдары (ет, қуырдақ, қазы, қарта) | Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін, құндылығын, қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу. Тағамдардың жасалу жолдарына түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, тыңдай білуді үйрету. |
| №3 | Жобалық іс-әрекет: «Етке қамыр жаю» (тәжірибе) | Балаларға қамыр жаюды үйрете отырып, олардың дүниетанымын, ой өрісін еңбекқорлығын дамыту. Асты қастерлеуге, ысырап етпеуге, адам еңбегін бағалай білуге, еңбек етуге тәрбиелеу. |
| №4 | Ұн тағамдары (бауырсақ, шелпек, қаттама, жент, талқан) | Балаларға бауырсақтың ашыған қамырдан дайындалатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерімен таныстыру. Ақыл-ой белсенділігін арттыру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| **ҚАЗАН** | | |
| №5 | Жобалық іс-әрекет: «Бауырсақ, шелпек жасау» (тәжірибе) | Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларға бауырсақтың ашыған қамырдан дайындалатынын түсіндіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. |
| №6 | Жобалық іс-әрекет: «Жент, талқан әзірлеу» (тәжірибе) | Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін, құндылығын, қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу. Женттің жасалу жолдарына түсінік беру, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. |
| №7 | Сүт тағамдары (сүт, айран, қаймақ, май, ірімшік, сүзбе, құрт) | Қазақтың сүттен жасалатын сусындары туралы айту, оны сауын малдан яғни биеден інгеннен, сиырдан қой ешкіден алынатынын білу. |
| №8 | Жобалық іс-әрекет: «Сүт ұйыту, айраннан май алу» (тәжірибе) | Сүтті ұйыту, айраннан май алу туралы тереңірек мағлұматтар беру.Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатының түсіндіру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. |
| **ҚАРАША** | | |
| №9 | Жобалық іс-әрекет: «Сүзбе, құрт жасау» (тәжірибе) | Сүзбе, құрт туралы тереңірек мағлұматтар беру. Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатының түсіндіру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. |
| №10 | Жобалық іс-әрекет: «Ірімшік жасау, | Ірімшік, қаймақ туралы тереңірек мағлұмат беру.Ұлттық тағамдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | қаймақтан май былғау» (тәжірибе) | пайдалана отырып, қандай еңбекпен жасалатынын түсіндіру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. |
| №11 | Қазақ халқының сусындары (айран, қымыз, шұбат, сусын көже, ашымық ) | Қазақ халқының сусындары туралы айту, оның сауын малдан, яғни биеден, інгеннен, сиырдан, қой, ешкіден алынатынын білу. |
| №12 | Жобалық іс-әрекет: «Сусын көже, ашымық даярлау» (тәжірибе) | Қазақ халқының сусыны ашымық туралы тереңірек мағлұматтар беру, ой қозғау тәсілдері арқылы балалардың танымдылықтарын өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. |
| | **ЖЕЛТОҚСАН** | |
| №13 | Қорытынды жобалық оқу іс-әрекеті: «Қазақтың ақ дастарханы» | Түрліше композициялық шешім жасауды және әсемдік әшекейлеуді үйрену. Әсемдікті өз қолымен жасауға деген ықыласын арттыру. Қазақтың ақ дастарханы туралы түсінік қалыптастыру. |
| №14 | Ұлттық киімдер, олардың түрлері | Ерлер мен әйелдердің ұлттық киім үлгісіндегі суреттерін салуды үйрету. «Ұлттық киім» туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту. |
| №15 | Ата мен әже киімі (тымақ, шапан, мәсі, жейде, кимешек, көйлек, камзол, орамал, кебіс) | Ұлттық киім туралы түсінік-ұғымдарын кеңейту, сөздік қорын молайту, салт-дәстүрді біліп үйренуге тәрбиелеу. Ұлттық мәдениетті құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеу. Әсемдік, сұлулық сезімдерін ояту. |
| №16 | Жобалық іс-әрекет:«Атама киім жасаймын» | Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің барша сымбатына , ою-өрнегі мен әшекейіне |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызықтыру, дұрыс айтуға үйрету, бұрын меңгерген білімдерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу. |
| **ҚАҢТАР** | | |
| №17 | Жобалық іс-әрекет: «Әжемнің әдемі киімдері» | Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің сымбатына, ою-өрнегі мен әшекейлеріне қызықтыру, киімдерді дұрыс айтуға үйрету. Әсемдікке, сұлулықты көре білуге дағдыландыру. |
| №18 | Жобалық іс-әрекет: «Қыз бала киімі» (көйлек, камзол, бөрік, сәукеле, етік) | Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің сымбатына,оюөрнегімен әшекейіне қызықтыру,киімдерді дұрыс айтуға үйрету. Әсемдікке,сұлулықты көре білуге дағдыландыру. |
| №19 | Жобалық іс-әрекет: «Ұл бала киімі» (жейде, шалбар, көкірекше, белдік, тақия) | Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің барша сымбатына, оюөрнегі мен әшекейіне қызықтыру, дұрыс айтуға үйрету, бұрын меңгерген білімдерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу. |
| №20 | Батырлар киімі (көйлек, сауыт, етік, дулыға) | Батырлардың киімдерімен таныстыру. Түстерді сәйкестендіре отырып сәндік жапсыру, оюларды қолдана білуді үйрету. Балалардың шығармашылық қиялын, қабілетін дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| **АҚПАН** | | |
| №21 | Хандар киімі (құндыз бөрік, сәнді шапан, былғары етік) | Ұлттық киімдер туралы түсінік беру. Балалардың эстетикалық сезімін дамытуды ұлттық тәрбие арқылы қалыптастыру. Шығармашылық еңбек, шеберлік дағдыларын қалыптастыру. |
| №22 | Қорытынды жобалық оқу қызметі: «Киім дүкені» | Ұлттық киімдер туралы түсініктерін тиянақтау. Түрлі-түсті маталармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Еңбектің бұл түріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ою-өрнекпен әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын дамыту. |
| №23 | Ою-өрнектер және олардың түрлері | Қазақтың ою-өрнек түрлерімен таныстыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Бастырып салу әдісі арқылы қылқалам және субояумен жұмыс іскерліктерін қалыптастыру. |
| №24 | Жобалық іс-әрекет:«Мүйіз, қошқар мүйіз ою-өрнегі» | «Қошқар мүйіз» ою өрнегінің түрімен таныстыру, оның жасалу жолдарын үйрету, ою-өрнектің атын дұрыс атауға үйрету. Балалардың ұлттық дүниетанымдық ұғымын кеңейту. Қол икемділігін дамыта отырып, шеберлігін арттыру. |
| **НАУРЫЗ** | | |
| №25 | Жобалық іс-әрекет: «Сынықмүйіз ою-өрнегі» | «Сынықмүйіз» ою өрнегинің түрімен таныстыру, оның жасалу жолдарын үйрету, ою-өрнектің атын дұрыс атауға үйрету. Балалардың ұлттық дүниетанымдылық ұғымын кеңейту. Қол икемділігін дамыта отырып, |

| | | |
|---|---|---|
| | | шеберлігін арттыру. |
| №26 | Жобалық іс-әрекет: «Түйетабан ою-өрнегі» | «Түйетабан ою –өрнегі» ою өрнектің түрімен таныстыру, оның жасалу жолдарын үйрету, ою-өрнектің атын дұрыс атауға үйрету. Балалардың ұлттық дүниетанымдылық ұғымын кеңейту. Қол икемділігін дамыта отырып, шеберлігін арттыру. |
| №27 | Жобалық іс-әрекет: «Балдақ ою-өрнегі» | Балаларға жалпы ою-өрнек туралы түсінік беру. Ұлттық ою-өрнек туралы білімдерін бекіту. Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. |
| №28 | Жобалық іс-әрекет: «Қармақ ою-өрнегі» | Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру. Қазақ ою-өрнегі туралы білімдерін бекіту. Ұлттық өнерімізді қастерлеуге, құрметтеуге ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| | **СӘУІР** | |
| №29 | Жобалық іс-әрекет: «Тарақ ою-өрнегі» | Ою-өрнек туралы түсініктерін кеңейту. Тарақ ою-өрнегімен әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын дамыту. Бастырып салу әдісі арқылы қиюды үйрету. |
| №30 | Жобалық іс-әрекет: «Су өрнегі» | Балаларға ою өрнек туралы түсінік беру.Су өрнегімен таныстыру. Ұлттық өнерімізді қастерлеуге,құрметтеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| №31 | Жобалық іс-әрекет: «Ботакөз өрнегі» | Балаларға жалпы ынтымақ туралы ою өрнек туралы түсінік беру. Ұлттық ою-өрнекпен безендіру, ою-өрнек туралы білімдерін бекіту. Матадан жапсыру жұмысын орындауды үйрету, эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| №32 | Жобалық іс-әрекет: «Ит құйрық өрнегі» | Балалардың зейіндерін тақырыпқа шоғырландыру. Бейнелеуге деген қызығушылық қабілетін арттыру. Саусақ қимылдарын дамыту. Сурет салу әдісін үйрету. Ұқыптылыққа тазалық қа үйрету. |
| | **МАМЫР** | |
| №33 | Жобалық іс-әрекет: «Ирек өрнегі» | Балалардың зейіндерін тақырыпқа шоғырландыру. Бейнелеуге деген қызығушылық қабілетін арттыру. Саусақ қимылдарын дамыту. Ою-өрнек туралы түсінік беру. Ұлттық ою-өрнекпен безендіру. Ою-өрнек туралы білімдерін бекіту. |
| №34 | Жобалық іс-әрекет: «Қос дөңгелек өрнегі» | Сырмақты ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету. Қос дөңгелек өрнектің орналасуы, халық ұлттық шеберлердің түстерін қолдануға үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру. Байқампаздығын, ойлау қабілеттерін,тілдерін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| №35 | Жобалық іс-әрекет: «Тұмарша өрнегі» | Қазақ халқының көркем өнеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Тұмарша өрнегімен таныстыру. Саусақ қимылдарын дамыту.Ұқыптылыққа,тазалыққа үйрету. |
| №36 | Қорытынды жобалық оқу қызметі: «Ою-өрнектер әлеміне саяхат» | Екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық ою-өрнектерді симметриялы қиюды үйрету. Балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру. |

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №1**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық тағамдары»**
**Мақсаты:** ұлттық тағамдар туралы тереңірек мағлұматтар беру, ой қозғау тәсілдері арқылы балалардың танымдылықтарын, өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту.
**Заттың дамыту ортасы:** сызбалар, тағамдар, суреттер.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:**
1.Шаттық шеңбері:
Қазақ ұлты дарамыз,
Өсіп келеді санамыз.
Жылуыңа жылу қос,
Болашаққа бірге барамыз.
2.Балалардың назарын оқу қызметіне аудару.

**Негізгі бөлім**
1.Қазақтың дастарқаны, қазақ халқы үшін дастарханнан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Сондықтан тамақ ішуге шақырғанда тамақты көп күттіруге болмайтындығы туралы және қазақтың ұлттық дастарханында болатын негізгі тамақ түрлері жайлы әңгімелесу.
2.Тақырыпқа байланысты суреттер, бейне жазбаларды қарау.
(Ет тағамдары, сүт тағамдары, нан тағамдары)

**Слайд №1 «Ең негізгі ұлттық тамақ-қазақша ет.**
1.Қуырдақ.
2.Қазы.
3.Шұжық.
4.Жая.

**Слайд №2 «Нан тағамдары»**
1.Бауырсақ.
2.Жалпақ нан.
3.Табанан.
4.Самса.
5.Бәліш.

**Слайд №3 «Сүт тағамдары»**
1.Қымыз, шұбат.
2.Айран, құрт.
3.Ірімшік.
4.Сары май.
5.Қаймақ, балқаймақ
6.Сүзбе.

**Сергіту сәті**
Ал, балалар, тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып.
Біз тынығып алайық.

Тәрбиеші: Қазақ өте қонақжай халық. Қонақтың алдына барлық тәтті тағамды қойған. Бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерлей білген. Қазақтың тағамдарының орны ерекше.

1 бала: Қазы-қарта, жал жая,
Быжы, қуырдақ тағы бар.
Пейілі кең қазақтың
Дастарханынан табылар.

2.Бала: Ақ бауырсақ шашылып,
Құшағымыз ашылып,
Нан-атасы ақ бидай.

3 бала: Төрт-түліктің бірі ол,
Бізге берер өнім мол.
Қаймақ, ірімшік, қатықты,
Сиыр малынан алып көр.

**Қорытынды бөлім:**
Тақырып бойынша балалардың білімдерін жинақтау мақсатында сұрақтар қою.
Белсенділігі үшін мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №2**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Ет тағамдары» (қазы, ет, қуырдақ, қазы-карта)
**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін, құндылығын, қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу. Тағамдардың жасалу жолдарына түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, тыңдай білуді үйрету.
**Заттық дамыту ортасы:** тағамдар суреттері.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ұйымдастырушылық бөлім.**
**Кіріспе:**
**1.Шаттық шеңбері**
Қайырлы таң,
Жер-Ана!
Қайырлы күн,
Күншуақ!
Қуанатын күн бүгін,
Қуан, шаттан, алақай!- деп, бір-бірімізге көңіл-күй сыйлайық.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңдер ме, балалар, бүгін біздің тобымызға көп қонақтар келіп қалыпты. Қазақ халқы қонақжай халық, үйге осы қонақтар келгенде қалай қарсы аламыз?
**Негізгі бөлім.**
1.Ет тағамдары қазы,ет ,қуырдақ, қазы-карта туралы түсінік беру. (Слайд көрсету)
Слайд №1 «Дастархан»
Дастарханға нан, ет тағамын әкеліп, ет етке сорпа бетке нәр береді деген. Енді қалай конақ күтетінімізді айтайық. Балалар, ет неден жасалады? Ет тағамына жылқы, қой, түйе, сиыр етін салады. Қазақтың сыйлы, ұлттық тағамы жылқы еті.
Слайд №2 «Ет тағамы»
Жылқының етін қазақ халқы сыйлы қонаққа дайындайды, сонымен қатар жылқы етінен қазы, карта, жал-жая жасалып сыйлы қонақтард алдына қойылады. Жылқы етінің басқа еттерден айырмашылығы жылқы еті қатпайды, майы тоңбайды және де қуырдақ тағамын әр

түрлі еттерден жасай беруге болады. Ең жеңіл түрі қойдың етінен жасалады. Етті майдалап туран, қойдың іш майын қосып, пияз қосып қуырады да сәл бұқтырып қояды. Қазыны әр қазақ қолдан жасайды бұрыш, тұз, сарымсақ және т.б. дәмдеуіштерді қосып, етті ұсақтап қабырға мойынмен қосып, қазыны ішекке тығады да оны қазы айландыру деп атайды. Бірнеше күн қақтап іліп қояды. Дайын болған қазыны етпен қосып қазанға пісіріп, дастарқанға таратады. Қарта қазымен қосылып асылады. Ет тағамы дайындағанда жылқының еті, қазы-қарта қосылып піскен қамырдың үстіне қойылып әкелінеді. Балалар, сендерге қазақтың дастарханы түсінікті ме?

1. Балаларға бірнеше сұрақтар қойылады.
2. Тақтадағы ілінген жылқы етінен жасалған тағамдар суреті бойынша әңгімелеседі.
3. Үй жануарларының суреттерін интерактивті тақтадан көрсетіп төрт түлік малдың қасиетін сұрайды.

**Сергіту сәті**

Орнымыздан тұрайық,
Қане қолды ұрайық.
Бұрылайық оңға бір,
Бұрылайық солға бір.
Бір отырып,бір тұрып,
Бір тынығып алайық.
Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлдерін тап.»

**Қорытынды:**

Дастархан, тағам туралы мақал мәтел, тыйым сөздерді тыңдау. Тақырып бойынша сұрақтар қою.
Оқу қызметіне қатысқан балаларды мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №3**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Етке қамыр жаю» (тәжірибе)
**Мақсаты:** Балаларға қамыр жаюды үйрете отырып, олардың дүние танымын, ой-өрісін, еңбекқорлығын дамыту. Асты қастерлеуге, ысырап етпеуге, адам еңбегін бағалай білуге, еңбек етуге тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, интереактивті тақта, оқтай-тақтай, сүрткіш.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ұйымдастырушылық бөлім:**
**Кіріспе:**
1.**Шаттық шеңбері**:
Қайырлы таң,қайырлы таң,
Ашық аспан, кең далам!
Қайырлы таң, қайырлы таң,
Жаны жақсы жайсаң адам!

2.Балалардың назарын оқу қызметіне аудару
*Сұрақ жауап:*
- Балалар, бүгін аптаның қай күні?
- Сендердің көңіл-күйлерің қандай?
- Өткен оқу қызметінде біз не туралы әңгімеледік?

**Негізгі бөлім:**
1.Тәрбиеші слайд көрсету арқылы қазақ халқының ұлттық тағамы «Ет тағамын» көрсетеді .
*2.Түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.*
Ет тағамы ол қой, сиыр, жылқы етінен дайындалады. Қазақ халқы өте қонақжай, үйге қонақ келсе ұлттық тағамдарды әзірлеген.
*3.Балала мен тәжірбиелік жұмыс жасау.*
Бүгінгі оқу қызметінде тәрбиеші етке қамыр жаятынын айтып балалардың назарын бейнатаспаға аударады.
Бейнетаспада балабақша аспазы етке қамыр илеу процессін толық көрсетеді.

Тәрбиеші балаларға жұмысқа кіріспес бұрын арнайы кимдерін киюін өтінеді (орамал,алжапқыш), қолдарын жуып, жеңдерін түреді.
Тәрбиеші балаларға аспазшы дайындаған қамырды бөліктерге бөліп, алдарына таратып береді.
Балалар қамырдың түсіне, жұмсақ немесе қатты иленгеніне көңіл бөледі.
Тәрбиешінің нұсқауымен балалар алдарындағы қамырды тақтайларына қойып, ұн сеуіп жаяды.Тәрбиеші балалардың жұмысын қадағалайды.

***Қорытынды:***

*Сұрақ-жауап:*

1.Ал, балалар, бүгін біз не үйрендік?
2.Қамырды қалай дайындайды екен?
3.Өздерің жайған қамыр ұнады ма?

Балаларды оқу қызметіне жақсы қатысқаны үшін мадақтау.
Балалар қуанады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №4**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы** : «Ұн тағамдары»
**Мақсаты:** ұлттық тағамдар туралы мағлұмат беру. Баланың танымдылығын дамыту. Оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру. Қазақ ұлттық дастарханындағы ұлттық тағымдарды білу.
**Заттық дамыту ортасы:** Үлгі суреттер, ұннан жасалған ұн тағамдарының суреттері.

**Оқу қызметінің барысы**

**Кіріспе:**
**1.Шаттық шеңбері**
Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Жүрекке жылу сыйлайық.
Жиналған жылы шуақты,
Бір-бірімізге сыйлайық .
2.Тәрбиеші:
-Балалар, бізге Дәмеш әже өзінің немересімен қонаққа келіпті. Қанекей, енді біз қонақ күткенде дастарқанға не қоямыз? Әрине, ең бірінші нан қоямыз.
**Негізгі бөлім:** Балалар енді нанның жасалу жолдарын айтып өтейін. Ең бірінші бидайды диірменге тарткызып, ұн жасайды. Ұнды наубайханағадағы нан пісіретін адамдарға жібереді. Өздерің тақтадан көріп отырсыңдар, біртіндеп интерактивті тақтадан көріп отырыңдар және де ұннан бауырсақ, самса, бәліш те пісіреді. Бауырсақты, қамырды май, ашытқы сүт қосып дайындайды. Дайын болған қамырды қызған майға пісіреді Бұл дайындаудың бәрін интерактивті тақтадан көріп отырады. Дайын болған ұннан жасалған дәннің бәрі дастарқанға қойылады да, әжесінен дастарханның басына келуді сұрайды.
**Бой сергіту сәті.**
Тербеледі ағаштар,
Алдынан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үп-үлкен боп өседі.

Қазақ халқы үшін дастарханнан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ, сондықтан дастарханға шақырғанда көп күттірмей келу керек. Әжеміз дастарханға келіп қонақ болып, немересі екеуі дәмнен ауыз тиеді. - Әже, енді біздің балаларға көрген білгендеріңізді, есте қалатындай сөздеріңізді айта отырсаңыз.
Әже: - Ия, балақайлар. қазақта құлаққа кіретін көптеген сөздер бар ғой. «Алтын, күміс тас екен, арпа бидай ас екен», «Нан болса, ән де болады.» демекші, нанның дастарханға көп еңбекпен келеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.» «Ынтымақты үйдің асы тәтті» деген нақыл сөздер бар. Дәмдерің тәтті болсын, енді мен басқа балаларға барайын, сендерге көп рахмет деп бата береді.
Қане, көтер білекті,
Мен айтайын тілекті.
Денсаулықтарың мықты болсын,
Замандарың тыныш болсын.
Дастарқанға береке берсін,
Топтарыңда мереке болсын! Сау болыңдар, балалар!
**Тәрбиеші балаларға дидактикалық ойын ойнатады. «Ұн тағамының аттарын ажырат.»**
**Қорытынды :**
Балаларға ұннан жасалатын тағамдар туралы сұрақтар қойылады.
Мақал-мәтелдер айтылады.
Балаларды мадақтап, рахмет айтылады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №5**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Ұн тағамдары (бауырсақ шелпек, қатгама.)»
**Мақсаты:** Балаларға бауырсақтың ашыған қамырдан дайындалатынын түсіндіру. Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерімен таныстыру. Ақыл-ой белсенділігін арттыру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Интерактивті тақта, ашытқы,су,тұз, ашыған қамыр, оқтай-тақтай, сүрткіш, біржолғы қолғап.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Ұйымдастырушылық бөлім:**
**Кіріспе:**
**Шаттық шеңбері:**
Қол алысып кәне біз,
Достасайық бәріміз,
Қандай жақсы бір жүру,
Қандай жақсы дос болу.
Балалардың назарын оқу қызметіне аудару:
Сұрақ-жауап:
1.Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
2.Балалар, сендер ұннан жасалған тағамдарды білесіңдер ме?
**Негізгі бөлім**. Өткен оқу қызметінде етке қамыр дайындағандықтарын еске түсіріп, балаларға слайд көрсету арқылы бауырсақ, шелпекке тоқталады.
Бауырсақ, шелпек қазақ халқының ұлттық тағамы екенін және ол әр адамға ұнайтынын,тоқ тағам екенін түсіндіреді.
Тәрбиеші балаларға бауырсақтың дайындалу жолдарын көрсетеді
Арнайы ыдысқа жылы су құйып, оған ашытқы салып, қасықпен араластырып бетін жауып, сәл уақыттан соң оның көпіршіп ашығанын балаларға көрсетеді. Ашытқыны ұнға қосып, жылы су, тұзды мөлшерлеп салып, бауырсақ қамырын илейді. Иленген

қамырдың бетін жылы орап, 1-2 сағатқа қойып коятынын балаларға түсіндіреді.
Тақырып бойынша балалармен тәжірибелік жұмыс жасау.
Ендігі кезекте алдын ала дайындалған ашыған қамырды балаларға көрсетіп, оның иісін, түсін және етке жайған қамырдан айырмашылығы қандай екенін байқату.
Тәрбиеші балаларға қамырмен жұмысқа кіріснес бұрын арнайы киімдерін киюді сұрайды. Балалар алжапқыш, орамалдарын тағып қолдарын жуады, жеңдерін түреді.
Тапсырманы орындау.
Тәрбиеші балаларға ашыған қамырдан үзіп беріп, енді осы ашыған қамырдан бауырсақ, шелпек жайып берулерін сұрайды.
Балалар оқтау- тақтайларын алып бауырсақ шелпек жаюға кіріседі. Тәрбиеші балаларға көмектеседі, жұмыс үстінде тәрбиеші балалармен әңгімелеседі.

- Бауырсақ шелпектің пішіндері қандай болады?

Қамырды жайған кезде тақтайға ұн себу керектігін айтады.
Мақал:

1.«Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей».
2.«Еңбек түбі береке».

**Қорытынды:**
Сұрақ жауап:
1.Балалар, бүгін қандай ұн тағамымен таныстық?
2.Бауырсақ, шелпектің пішіндері қандай болады?
3.Бүгінгі оқу қызметінде не істедіңдер?
- Балалар оқу қызметіне барлығың өте жақсы қатыстыңдар, жайған шелпек, бауырсақтарың өте әдемі болды.Оқу қызметі аяқталды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №6**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Жент, талқан әзірлеу» (тәжірибе)
**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін, құндылығын, қазақ халқының қонақжай дәстүрін құрметтеу. Женттің жасалу жолдарына түсінік беру, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Интерактивті тақта, тары, май, қант, кептірілген жемістер, сүрткіш, қасық, табақ.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:**
**Шаттық шеңбері:**

Қол алысып кәне біз,
Достасайық бәріміз.
Қандай жақсы бір жүру,
Қандай жақсы дос болу.

Балалардың назарын оқу қызметіне аудару

Сұрақ-жауап:

- Балалар, бүгін аптаның қай күні?
- Көңіл-күйлерің қалай?

Өткен оқу қызметінде біз қандай ұлттық тағамдар туралы әңгімеледік?
**Негізгі бөлім**:
Балаларға слайд көрсету арқылы ұлттық тағам жент туралы мәлімет беру. Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс .
Тәрбиеші ыдысқа салынған талқанды көрсетеді. Енді осы талқанға арнайы қоспаларын қосып жент жасайтынын айтады. Ол үшін талқанға қант, сары май және кептірілен жемістерден қосып араластырады. Ал ары қарай балалардан көмек сұрайды. Балалар арнайы киімдерін киеді (орамал,алжапқыш), қолдарын жуып жеңдерін түреді.
Тапсырманы түсіндіру.
Тәрбиеші балаларға жентті алақандарына салып, оны қысып (сықпа құрт) құсатып жасауға болатынын және доңгелек т.б

пішіндерді жасауға болатынын айтып түсіндіреді. Балалар қызығушылықпен жұмысқа кіріседі.Тәрбиеші қадағалайды.

**Мақал- мәтел:**
Қиындықтың бәрін
Еңбек қана жеңбек.
**Сергітуті**
Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз.,
Бұрыламыз оңға бір,
Бұрыламыз солға бір,
Жаттығулар жасасақ,
Жақсы сергіп қаламыз.
**Қорытынды :**
Сұрақ-жауап:
1.Балалар, бүгін біз қандай ұлттық тағам жасадық?
2. «Жент» әзірлегенде кандай қоспалар қостыңдар?
3.Сендерге оқу қызметі ұнады ма?
Мінекей, балалар, сендердің жасаған женттерің өте әдемі, дәмді болды. Енді бұл жентті мен балабақша асханасына тоңазтқышқа апарып қоямын. Дайын болғанда бірге дәмін татамыз. Сендерге рахмет. Оқу қызметі аяқталды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №7**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Сүттен жасалған тағамдар»
**Мақсаты:** Қазақтың сүттен жасалатын сусындары туралы, оны сауы[illegible] малдан яғни биеден, інгеннен, сиырдан қой, ешкіден алынатынын білу.
**Керекті құралдар:** сүттен жасалатын сусындардың, қымыздың, шұбаттың, бозаның, айранның.суреттері.

**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер.

**Оқу қызметінің барысы**

**Кріспе:**
1.Балалардың назарын аудару
2.Балаларға тақтадан төрт түлік малдың суретін көрсету.
**Негізгі бөлім:**
Суреттер арқылы әңгіме айту:
Қазақ халқының ішіп-жемінде сүт тағамдары ерекше орын алады. Т[illegible] түлік малдың сүтін және одан жасалатын сусындарын ағарған немес[illegible] ақ деп атаған. Балаларға тағы сүт тағамдарына аталған ырымдарды айтып түсіндіру
Сүт құйылған шелекті су басына апаруға болмайды.
Жерге төгілген ақты баспайды.
Сүтті үрлеп ішпейді.
Қол жумай ақты ішпейді.
Сондай-ақ, ақ алып шығып ауылға келген көштңғ алдынан шығады[illegible]
Көршілік парыз - ақтай таза болу. Ак құйып шығарып салу салты.
Актан ұлттық сусындар жасалады.
**Сергіту сәті**
Орнымыздан тұрайық,
Қолымызды созайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Белімізді жазайық.
Айналаға қарайық, отырып тұрайық,
Біз тынығып алайық.

**Тәрбиеші:** Қане, бізге қонаққа Дәмеш әжеміз келіпті. Енді сусындардың түрлерін әжемізден сұрайық. Ия, балаларым, қазақтың ұлттық сусындарына қымыз, шұбат, боза, айран т.б жатады. Қымыз бие сүтінен жасалады,,шұбат жаңа сауылған түйе сүтінен.,Айран әрі тағам, әрі сусын. Сиырдың, қой-ешкінің піскен сүтінен мәйек, ашытқы ескі айран қосылып ұйытылады. Қазақ аталарымыз осы сусындарды ішіп отырып талай істің шешімін тапқан. Қазақтың осы сусындарының ішінен кең тараған қымыз, шұбат, айран болған.

**Дидактикалық ойын** жануарлар мен сусындар.

Балаларға әженің әкелген ойыны ұнады. Балалар әжемен қоштасады.

**Қорытынды :**

Оқу қызметін қорытындылау, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №8**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Сүт ұйыту, айраннан май алу»(тәжірибе)
**Мақсаты:** Сүтті ұйыту, айраннан май алу туралы тереңірек мағлұматтар беру. Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндіру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** Сүт, айран, тұз, күбі.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:
Амансыз ба, алтын күн!
Амансыз ба, ашық аспан!
Амансыз ба, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар?
Оқу қызметімізді бастайық,
Жалқаулықты тастайық.
Өткен тақырыпты қайталау. Сұрақ –жауап.
Балалар, біз бүгін сүттен айран ұйытып , май алуды үйренеміз. Айран –пісірілген сиыр сүтінің жылы кезінде ашытқы қосып, ұйытып дайындайтын қышқыл дәмді ақ тағам түрі. Айранды көп етіп жинап, сабаға құйып ашытады. Оны күбіге құйып піседі. Пісуі жеткен кезде май ыдырап бөлек шығады, дәкеге салып қолмен сығымдап майды сүзеді. Сүзгіден тазартып шыққан майды суық суға салып, іркіттен арылтады. Алақанмен шапалақтап суын шығарады. Суын шығарған соң тұздап ыдысқа салады. Май қату үшін тоңазытқышқа салып қояды.
Жұмыс жасауға дайындық: бас киім кию, алжапқыш тағу, жеңдерін түру.
1.Сүтті пісіріп алу.
2. Сүтті сәл суытып, жылы күйінде 2-3 ас қасық ұйытқы қосып араластыру.
3. Сыртынан жылы жауып қою.
4. Айранды сабаға құйып ашыту.
5. Оны күбіге құйып пісу.

6.Дәкеге майды салып сүзу.
7. Майды тұздау.

**Сергіту сәті:** Сабау алып қолыма
Қойдың жүнін сабадым.
Уызын ішіп сиырдың
Уықтарды қададым.

«Сөйлемді жалғастыр»

Күбіге құйып піскен не?
Ұйытып қойып ішкенім не?
Табаға салып жапқаным не?
Үйітіп қазанға асқаным не?
Кілегей шайқап алғаным не?
Өреге кептіріп жайғаным не?
Тұзын көріп татқаным не?
Келіге түйіп ақтадым не?
Балшықтан істеген ыдыс не?

**Қорытынды :**

Мақалды тыңдау:
«Еңбек адамға қуаныш сыйлайды»
«Жақсы еңбегі үшін ел бағалайды»
-Балалар, біз бүгін зертханалық орталықта не жасап үйрендік?
-Сүтті қалай ұйыттық?
- Майды қайда сақтау қажет?
Балалардың жауаптарын қорытындылау. Өздері жасаған сүт өнімдерінің дәмін татқызу.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №9**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Сүзбе, құрт жасау» (тәжірибе)
**Мақсаты:** Сүзбе, құрт туралы тереңірек мағлұматтар беру. Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндіру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** айран, сүзбе, құрт, қапшық, шұңғыл шара, тұз.

**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Күндей жадырап,
Жұлдыздай жарқырап
Судай мөлдір таза көңілмен,
Бүгінгі күнімізді бастайық

Өткен тақырыпты қайталау: Сұрақ –жауап.

- Қандай сүт тағамдарын білесіндер?

Жұмбақ шешу:

Өзі аппақ, нан емес,
Жесең мейір қанады
Ақ болса да, қар емес
Шешуін кім табады?
(сүзбе)

Шиге жайып кептірген
Өзі қышқыл, түсі ақ.
Сорсан дәмді, түсі ақ,
Жаңғақтай –ақ домалақ.
(құрт)

**Негізгі бөлім:**
Балалар, біз бүгін сүзбеден құртты жасап үйренеміз. Сүзбе сүтен жасалады, қаймағы алынбаған сүтті алдымен пісіріп, одан айран ұйытады. Ұйыған айранды жылыдай қапшыққа құйып, оны сары суынан айыру үшін биік жерге іліп қояды. Бір тәулікте айранның сары суы әбден ағады да , қою сүзбе дайын

болады. Оны шұңғыл шараға салып, әбден араластырады да тұз салады. Оның ащылау, әрі қышқыл дәмі тәбет ашады. Құртты дайындау үшін ашыған сүтті ағаш кеспекке құйып, бірнеше күн бойы іркіт жинайды. Іркітті үлкен қазанға құйып қайнатады. Іркіт қоюланып ақ-сары болған кезде отты өшіреді. Ас суыған соң қапшыққа құяды. Ертесінде алақанға салып домалақтап жалпақтау ыдысқа салып өреге жайып қояды.

Сүтті ұйыту:

1. Айранды қапшыққа құйып іліп қою.
2. Шараға салып тұзбен араластыру.
3. Алақанға салып домалақтау.
4. Құртты өреге жаю.

**Сергіту сәті:** Сабау алып қолыма
Қойдын жүнін сабадым.
Уызын ішіп сиырдың
Уықтарды қададым.

Мақал: Барыңда батып іш,
Құрт майыңды қатып іш.

Тақпақ:
Май алады сүттен,
Құрт алады сүттен.
Сүт алады молырақ
Малын баптап күткен.

Қатты құртты жейміз
Дәмді, қышқыл дейміз,
Салма артық күшіңді,
Сындырасын тісіңді.

**Қорытынды бөлім:**

-Балалар, біз бүгін зертханалық орталықта не жасап үйрендік?

-Сүзбені қалай жасадық?

-Құртты қалай жайдық?

Балалардың жауаптарын қорытындылау, мадақтау. Өздері жасаған сүт өнімдерінің дәмін татқызу.

«Айя мен Әли» мультфильмін көру.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №10**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Ірімшік жасау, каймақтан май бұлғау» (тәжірибе)
**Мақсаты**: Ірімшік, қаймақ туралы тереңірек мағлұмат беру.Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, қандай еңбекпен жасалатының түсіндіру. Өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** сүт, айран , ірімшік, қаймақ, су,тұз , май, шайқайтын ыдыс.

**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері: Амансыз ба, алтын күн!
Амансыз ба, ашық аспан!
Амансыз ба, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар?
Жалқаулықты тастайық.

Өткен тақырыпты қайталау. Сұрақ –жауап.

- Біз бүгін сүттен ірімшік жасауды, қаймақтан май бұлғауды үйренеміз. Ірімшік жасау үшін майлы сүтке айран ұйытқысын қосып, оны ірітеді. Іри бастаған сүтті отқа қойып жаймен қайнатады. Іріген сүт қайнай бастаған кезде,бетіне ірімшігі қалқып шыққанша үздіксіз бұлғап тұру керек. Сары су мен ірімшік ажыраған кезде ірімшігін сүзіп алып сығады. Пайда болған массаны бөліктерге бөліп өреге жайып қояды. Қаймақтан май былғау. Қаймақты кең ыдысқа салып, ағаш қасықпен былғайды. Біраздан соң қаймақ туырылып, май түзіле бастайды. Майды суынан ажыратып бірнеше қайтара салқын сумен жуып, тұздап салқын жерге қояды.

Жұмыс жасауға дайындық: бас киім кию,алжапқыш тағу, жеңдерін түру.

Ірімшік жасау: 1.Сүтке айран ұйытқысын қосу,іріту.
2.Отқа қойып қайнату.
3.Ірімшікті сүзіп алу.
4.Өреге жайып қою.

Қаймақтан май былғау: 1.Қаймақты ыдысқа құю.
2.Ағаш қасықпен былғау.

3.Майды судан ажырату.
4.Салқын сумен жуу.
5.Суын кетіріп тұздау.
6.Майды салқын жерге қою

**Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Бір отырып, бір тұрып,
Орнымызды табайық.

Ірімшік

Атамның да тісі жоқ,
Апамның да тісі жоқ.
Тәтті ірімшік жинаймын,
Ексуіне сыйлаймын.

Қаймақ

Балдан тәтті қаймақ
Жегенім жоқ айлап.
Жүрген шығар сақтап
Апам мені ойлап.

Сары май

Көп адамдар білмейді,
Кесе шайын үрлейді.
Ыстық шайға май қосса,
Бірден аузы күймейді.

**Қорытынды бөлімі:**

-Балалар, біз бүгін зертханалық орталықта не жасап үйрендік?
-Ірімшікті қалай жасадық?
-Майды қалай алдық?
Балалардың жауаптарын қорытындылау, мадақтау.
Өздері жасаған сүт өнімдерінің дәмін татқызу.
«Сүт қалай ұйықтап қалды » ертегісін айтып беру.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №11**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** Қазақ халқының сусындары айран, кымыз, шұбат, сусы
көже, ашымық.
**Мақсаты:** Қазақ халқының сусындары туралы, оны сауын малдан,
биеден, інгеннен, сиырдан, қой, ешкіден алынатынын білу.
**Керекті құралдар:** сүттен жасалатын сусындардың суреттері:
қымыз, айран, шұбат, ашымық, сусын көже.

**Заттық дамыту ортасы:** Үлгі суреттер.

**Оқу қызметінің барысы**

**Ұйымдастырушылық кезең:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері

Біз ақылды баламыз
Айтқан тілді аламыз,
Үлкенге де сіз,
Кішігеде сіз,
Бас иеміз біз.

Балалар интерактивті тақтадан төрт түлік малдың суретін көреді.

**Негізгі бөлім:** Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған, әрі қастерле
білген. Ас - адамның арқауы. Ас қадірін білмеген аштан өледі, Ат
қадірін білмеген-жаяу қалады деп халық тегін айтпаған. Ұлт
тағамдарының негізісі - сүт тағамдары. Сүт тағамдарын халық бір
сөзбен «ақ» деп атайды. Пай-пай сүт тағамдарының қоректік қасие
мол, әрі денсаулыққа пайдалы.
**Слайд №1**
**Қымыз.** Ешқандай сусын қымызбен тең келе алмайды. Құрамында
дәрумендер, майлар, белоктар бар, ол талай ауруды емдеп қана
қоймайды, олардың алдын да алады. Қымыз ас қорытуды жақсарта
Қымызды бие сүтінен жасайды.
**Слайд №2**
**Шұбатты** түйенің сүтін ашытып жасайды, қышқыл, дәмді. Шұбат
тағам ретінде үнемі ішіп жүретіндер өкпе ауруына сирек ұшырайды

Шұбатты ішкендердің өкпесі, асқазаны, ішектері ауырмайды және оның емдік қасиеті мол.

**Слайд №3**

**Айран**-әрі тағам, әрі сусын. Сиырдың, қой мен ешкінің піскен сүтіне мәйск, ашытқы, ескі айран қосып ұйытады да салқындатып ішеді.

**Слайд №4**

**Ашымық**-бидай,тары, күріш, арпа тәрізді астық қайнатылған көжеге айран қосып дайындалатын ұлттық тағам түрі. Суға салынған дән жарылып піскен соң суытып барып, ағарған қосады. Жылы жерде тұрып бір-екі күн ашыған көже дайын болады. Айран мен дәмді дақыл қосылып аши келе жағымды қышқыл дәм береді. Ашымық ішкен кезде шөл қандыратын сусын, әрі тоқ басатын тағам.

**Слайд №5**

**Сусын көже**-ертеден келе жатқан көже, ыстықта шөліңді қандыратын сусын. Қымызға бергісіз көженің дәмі ерекше. Күбіге ысталып дайындалған көже.

**Сергіту сәті**: Қане, қызық ойындар,
Қатарласа қойыңдар.
Отырыңдар,тұрыңдар.
Маған мойын бұрыңдар.

Қолымызды жаяйық,
Құстай қанат қағайық.
Аяқты бір басыңдар,
Қане тағы тағы да,
Қол соғайық жабыла.

Міне, балар, бүгін мен сендерге қазақ халқының сусындары туралы толық айтып бердім.

Дидактикалық ойын «Үй жануарлары мен сусындар»

**Қорытынды:**

Сұрақ жауап арқылы оқу қызметін қорыту, балаларды мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №12**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Сусын көже, ашымық даярлау» (тәжірибе)
**Мақсаты:** Қазақ халқының сусыны ашымық туралы тереңірек мағлұматтар беру, ой қозғау тәсілдері арқылы балалардың танымдылықтарын, өз бетімен әрекеттену дағдысын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** Бидай, айран, су, тұз.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:** Шаттық шеңбері:
Армысың алтын күн,
Армысың көк аспан.
Армысың туған жер,
Армысың достарым!

Өткен тақырыпты қайталау.Сұрақ –жауап.
-Қазақ халқының қандай сусындарын білесіңдер?
**Негізгі бөлім:**
-Біз бүгін сусынның тағы бір түрі сусын көже ашымықты дайындап үйренеміз.
Жаз мезгілі кезінде ыстық күнде шөлдейміз. Бүгінгі дайындайтын сусын шөлді қандырып қана қоймай, денсаулыққа зор пайдасын тигізеді. Ашымықты жасау жолдары:бидайды бірнеше қайтара жуамыз. Бидайды шұңғыл ыдысқа салып, толтыра су құямыз. Ыдысты отқа қойып бір жарым сағат қайнатамыз. Дайын болған көжені суытып айран қосамыз.
Негізгі бөлім:
Жұмыс жасауға дайындық: бас киім кию, алжапқыш тағу, жеңдерін түру.

1. Бидайды жуу.
2. Шұңғыл ыдысқа салу.
3. Ыдысты толтыра су құю.
4. Отқа қойып қайнату.
5. Сусынды суыту.
6. Айран қосу.

Мақал: Қиындықтың бәрін
Еңбек қана жеңбек.

**Сергіту сәті:** Бір, екі, еңкей,
Бүгілмесін тізең.
Үш-төрт, шалқай,
Иілмесін тізең.
Қолды көтер аспанға
Саусақты соз, жасқанба.

Ойын : «Ғажайып қалта»

**Қорытынды бөлім:**

-Балалар, біз бүгін зертханалық орталықта не жасап үйрендік?
-Ашымықты қалай жасадық?
-Ашымық көжені неге суытып ішеміз?
Балалар өздері жасаған ашымық көженің дәмін татып көреді.
Балалардың жауаптарын қорытындылау, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №13**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Қазақтың ақ дастарханы»
**Мақсаты:** Түрліше композициялық шешім жасауды және әсемдік әшекейлеуді үйрену. Әсемдікті өз қолымен жасауға деген ықыласын арттыру. Қазақтың ақ дастарханы туралы түсінік қалыптастыру.
**Заттық дамыту ортасы:** ақ мата, түрлі-түсті мата қиындылары, қайшы, қылқалам, желім.

**Оқу қызметі нің барысы:**

**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,
Көкке шуақ шашылсын.
Құтты қонақ келіпті
Төрімізге еніпті.
Амандасу үлкенге
Тәрбиенің басы ғой.

Орнымызға жайғасып оқу қызметін жалғастырайық.

Балалардың назарын экранға аударып, түрлі ұлттық тағамдарды тамашалайды.

Тақтада мата қиындыларымен жапсырылған қима қағаздар ілініп тұрады.

**Негізгі бөлім:**
Осы сәтте қонаққа Сәуле әже келеді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Сәлеметсіз бе, әжей.
- Сәуле әжей ,сіз қайдан жүрсіз біздің бөбекжай-бақшамызда?

Иығында қоржыны: құрт, май, жент, тары, талқаны бар.
Осы тағамдарды қоятын ақ дастарханымды жыртып алдым. Сол үшін көмек сұрай келдім. Бұрынғыдай емес көзім де көрмейді.

- Балалар, бұл не?
- Мата.
- Күнделікті өмірде матаны не үшін пайдаланады?
- Матадан не жасалады?

- Матаны неден жасайды?
- Матаның қандай түрлерін білесіңдер?

Сәуле әже сұрақтарға жауап береді.

- Матаны жіптен тоқиды.
- Жінті талшықтардан иіреді.
- Талшықтарды жануарлар мен өсімдіктерден алады.

-Рахмет сізге, Сәуле әже!

-Балалар, маталар әр түрлі болып бөлінеді. Слайд: «Мата түрлері»

**Дидактикалық ойын: «Ұқсасын тап»**

Сергіту сәті: Он саусағы майысқан,
Шебер балар ұрпақпыз.
Тұла бойы толған бір,
Өнер болар ұрпақпыз

**Қорытынды бөлім:**

Балалар өз еңбек нәтижелерін талдайды. Жұмыстары бағаланып, марапатталады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №14**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** Ұлттық киімдер
**Мақсаты:** Ерлер мен әйелдердің ұлттық киім үлгісіндегі суреттерін салуды үйрету. «Ұлттық киім» туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың эстетикалық талғамдарын дамыту.

**Керекті құралдар:** Қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген суреттері, дайын үлгі, қағаз, түрлі-түсті қарындаштар т.б.

**Оқу қызметінің барысы.**

**Кіріспе:**
Шаттық шеңбер: Адал, жақсы ниетпен
Бар адамға бақ тілеп.
Жарып шыққан жүректен
Сөздің бәрі ақ тілек.

**Негізгі бөлім**:

- Балалар, баска да халықтар сияқты қазақ халқының да өзіне тән ұлттық киімдері бар екен.

- Сендер қандай ұлттық киімдерді білесіңдер?

Камзол, сәукеле, шапан, желетке, тақия, мәсі,т.б.

- Ұлттық киімдерді әртүрлі мақсатта пайдалануға болады.

Мысалы: ерекше айтулы той болғанда, үйлену тойларында, ұлттық мерекелер атап өтілетін кездерде ұлттық киімдер киіледі.

- Киімдер жыл мезгіліне және адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты тігіледі. Оларды ұлттық оюөрнектермен әшекейлейді.

- Бүгінгі бейнелейтініміз ұлттық киім үлгісіндегі қуыршақтар.

Үлгі ретінде жұмыстың орындалу реттілігімен таныстыру, көрсету.

Балалардың өз бетінше еңбектенуі.

Сергіту сәті: Қол таңбасын әжемнің анық көріп,
Бұл кестенің сырына қанық болып.

Өнерімен өзгелерді тамсандырып,
Құс қанаты өрнегін салып бердім.

**Қорытынды бөлім:**

1.Оқу қызметі соңында дайын болган жұмыстарды үстел үстіне қойып, балалармен бірге қарап, еңбек нәтижесінде сәтті шыққан ұлттық киімдерге ерекше тоқталып, оның мазмұнына, орындалу мәнеріне назар аударып атап өту.

2.Мақал – мәтел айтқызу:

Өнерлінің қолы алтын
Өлеңшінің сөзі алтын.

3.Балаларды мадақтап, бағалау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №15**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы:** «Ата мен әже киімі (тымақ, шапан, мәсі, жейде, кимешек, көйлек, камзол, орамал, кебіс)»

**Мақсаты:** Ұлттық киім туралы түсінік-ұғымдарын кеңейту, сөздік қорын молайту, салт-дәстүрді біліп үйренуге тәрбиелеу. Ұлттық мәдениетті құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеу. Әсемдік, сұлулық сезімдерін ояту.

**Заттық дамыту ортасы:** Ою-өрнек суреттеру, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім, ақ парақ, қалам, бастырма т.б.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Атамнын алып күрегін,
Ауланың қарын күредім.
Әжеме мен құдықтан
Су әкелеп беремін.
Еденді де жуамын,
Шаң-тозаңды қуамын.

Тосын сый: Балалар, бізге қонақтар келіп тұр екен. Қане, бәріміз атамыз бен әжемізге сәлемдесіп алайық.

Үлкенге де – сіз

Кішіге де- сіз.
Ата-әжені құрметтеп
Бас иеміз біз.

Өте тамаша!
Ата, әже, сіздердің қандай бұйымтайларыңыз бар?
Балалар, сендерден бізге көмек керек. Біз қартайдық, немеремізге мектепте көп тапсырма беріпті, соны орындауға көмектесіңдерші.
Балалар, көмек береміз бе?

- Ия

Жұмбақ шешу:

Әжеге арнап өлең оқып берейік:

Кимешегін, жаулығын,
Теңеп аппақ гүлге мен.
Әжемнің ден саулығын
Тілеп жүрем күнде мен.

-Балалар, әжелер өте мейірімді болады, немерелеріне ертегі оқып береді. Әжелер кимешек, жаулық, орамал тартады. Отбасымыздың үлкені кім? Ал атамыз бізге ақыл, өсиет айтады. Атамыз ренжіп қалмас үшін өлең оқып берейік:

Атамнан басталар,
Әжемнен басталар,
Отбасым мыналар,
Ең жақын адамдар.

Дидактикалық ойын: «Кім киеді?»
Сөздік жұмыс: кимешек, жаулық, мәсі т.б.

Тақтада киім түрлерінің суреті:

- Бұлар қандай киімдер?
- Қалай аталады?
- Ата мен әженің ұлттық киімдері бар ма?

Осы киімдерді ерекшелендіріп әшекейлейік.
Үнтаспадан «Ақ әжем» әні баяу естіліп тұрады.

Endеше, іске кірісейік:

Балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауын және бүгінгі жұмыс бүктеп кию әдісімен орындалатынын ескерту.
Қызыл, жасыл жолақтарды бүктеу әдісімен қиямыз.
Жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлінеді.

**Сергіту сәті:**

Белімізді жазайық.
Айналаға қарайық.
Отырайық, тұрайық,
Тынығып бір алайық,
Камзолына әжемнің
Ою-өрнек салайық.

Қызыл түсті қағазда 4 қиықшаны бүктеу әдісімен қиямыз.
Жасыл түсті қағазды бүктеп «Қошқар мүйіз» оюын қию.
Саусаққа, қолға арналған жаттығу.
1,2,3, ал қанеки, ұш!
4,5,6,7 жаңбыр жауып өтті,
8,9,10 ал қанеки, қон!
Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді атамыздың шапаны мен әжеміздің камзолына жапсырамыз.
-жағасы
-беліне
-етегіне
Жауап арқылы оюдың аттарын қайталап өтеді.
Слайдтан ою түрлерін корсету.
**Қорытынды:**
Балалардың жұмысын мадақтап, әрқайсысына ризашылық білдіріледі.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №16**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Атама киім жасаймын»**
(тәжірибе)
**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің барша сымбатына , ою-өрнегі мен әшекейіне қызықтыру, дұрыс айтуға үйрету, бұрын меңгерген білімдерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Ұлттық киімдер суреттері, слайд, фетр мата, оюлар, ермексаз, тақтайша, желім, сулы шүберек.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Біз ақылды баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз,
Бас иеміз біз.

Өткен тақырыпты қайталау. Сұрақ –жауап.

Өлең оқу: Атам менің ауылда
Қой бағады ежелден.
Қадірлі атам қауымға
Сый –құрметке бөленген.

-Өлең кім туралы?

-Сендер аталарынды жақсы көресіңдер ме?

Жаңа оқу әркетінде атамызға арналған ұлттық киімдер жасаймыз. Ұлттық киімдердің мынандай түрлері болады:

Бас киім, сырт киім, аяқ киім.

Бас киімге: тымақ, бөрік, тақия , қалпақ т.б жатады.

Сырт киімге: шапан, шекпен, тон ,ішік, т.б жатады.

Аяқ киімге: етік, байпақ, кебіс, шоқай, мәсі т.б. жатады.

Ұлттық киімдердің ішінен тақия, шапан, мәсі жасап үйренеміз.

Балаларды екі топқа бөлу.

1топ: Тақия мен шапанды фетр матадан жасайды.

2топ: Мәсіні ермексазбен жасайды.

Қатты қағаздан жасалған тақия, шапан , мәсі үлгісін балаларға таратып беру.

1топ: Фетр матаға тақия мен шапан үлгісін бастырып қайшымен қиып алып, желіммен үлгіге жапсырады. Қағаздан жасалған оюларды үстіне жапсырады.

2топ: Мәсінің үлгісін ермексазбен көмкереді.

**Негізгі бөлім:**

Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1топ: 1. Шапан мен тақияның үлгісін фетр матаға бастыру.
2. Қайшымен қиып алу.
3. Желіммен үлгіге жапсыру
4. Оюды өз қалауы бойынша жапсыру

Этап: 1. Ермексаздың көлемін анықтап кескішпен кесіп алу.
2. Үлгіге ермексазды жайып, тегістеу.
3. Қолдарын сулы шүберекпен сүрту
4. Жұмыс орның жинастыру.

**Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Бір отырып, бір тұрып,
Орнымызды табайық.

Мақал-мәтелдің жалғасын табу.
Байлық атасы-еңбек, анасы-жер.
Рахаттың түбі-еңбек, түбі -жеңіс.
Жердің сәні-егін, ердің сәні- білім.
Еңбек ердің көркі, ер елдің көркі.

**Қорытынды бөлім:**

-Қазақ халқының ұлттық киімдерін неше топқа бөлеміз?
-Қандай киім түрлерін жасадыңдар?
Балалардың жұмысын бағалау.Мадақтау.

Тақпақ жаттау: Атам менің әманда
Әдепті жан бол деген.
Атам сөзі санамда
Жасы үлкенге жол беріп,
Алдың орап кісінің,
Кесіп өтпе көлденең.
Ізеті мен кішінің
Сәлемдесіп қол берем.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №17**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Әжемнің әдемі киімдері»**
**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің сымбатына, ою өрнегі мен әшкейлеріне қызықтыру, киімдерді дұрыс айтуға үйрету. Әсемдікке,сұлулықты көре білуге дағдыландыру.
**Заттық дамыту ортасы:** интерактивті тақта, үлгі суреттер, желім, оюлар, жұмыс парағы.

**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Жүрекке жылу сыйлайық,
Жиналған жылы шуақты
Бір-бірімізге сыйлайық.

Баллардың назарын оқу қызметіне аудару.
Сұрақ-жауап:

- Балалар, бүгін балабақшаға қандай көңіл-күймен келдіңдер?
- Оқу қызметіне дайынсыңдар ма?
- Өткен оқу қызметінде біз не туралы әңгімеледік?

**Негізгі бөлім:**
Тәрбиеші слайд көрсету арқылы қазақтың ұлттық, әжелерге арналған киімдерін көрсетеді.
Сұрақ-жауап:
- Балалар, әжелер қандай ұлттық киімдер киеді?
Балалар өз беттерінше сұраққа жауап береді.
Түсіндіру жұмысын жүргізеді. Үлгі суреттермен жұмыс.
Кимешек-ол әжелер киетін бас киім, кимешек өн бойын, көкіректі жауып тұратын тұтас матадан тігіледі.
Камзол-шапанға қарағанда ықшам, қысқа көбінесе жеңсіз немесе қысқа жеңді болып келетін әжелердің сырт киімі.
Мәсі-өңделген жұқа теріден қонышына ою салынып, табансыз, ұлтарақсыз негізінен үйде киілетін жеңіл аяқ киім.

**Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс:**
Балаларды үш топқа бөліп отырғызу.
1.Топ тапсырмасы:
Кимешекке оюлар жапсыру.
2.Топ тапсырмасы:
Камзолға оюлар жапсыру.
3.Топ тапсырмасы:
Мәсіге оюлар жапсыру.
Тәрбиеші балалардың жұмысын қадағалайды.
**Қорытынды:**
Сұрақ-жауап:
Әр топ жапсырылған оюлар туралы әңгімелеп береді. Педагог толықтырады.
1.Балалар, бүгінгі оқу қызметінде қандай ұлттық киімдермен таныстық?
2.Әжелер қандай ұлттық киімдер киеді екен?
3.Оқу қызметі сендерге ұнады ма?
Балалардың жұмыстарын мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №18**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Қыз бала киімі» (көйлек, камзол, бөрік, сәукеле, етік)
**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің сымбатына, ою-өрнегі мен әшекейіне қызықтыру, киімдерді дұрыс айтуға үйрету. Әсемдікке, сұлулықты көре білуге дағдыландыру.
**Заттық дамыту ортасы:** интерактивті тақта, үлгі суреттер, желім, оюлар жұмыс парағы.

**Оқу қызметінің барысы:**

**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:
Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Жүрекке жылу сыйлайық,

Жиналган жылы шуақты
Бір-бірімізге сыйлайық.

Балалардың назарын оқу қызметіне аудару:
Сұрақ-жауап:
-Балалар, бүгін көңіл-күйлерің жақсы сияқты.
-Өткен оқу қызметінде біз қандай ұлттық кием туралы әңгімеледік?
Тәрбиеші слайд көрсету арқылы қазақтың ұлттық қыз балаларға арналған киімдерін көрсетеді.
Түсіндіру жұмысын жүргізеді.
Мақал
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты еңбек.
Үлгі суреттермен жұмыс.

Тақия-бүлдіршін қыздар киетін үкілі бас киім. Ол дөңгеленіп тігілген, жалпақ, төбесіне үкі тағылған жеңіл бас киім. Айнала жиегіне ою салынып, түрлі асыл тастармен көркемделеді.

Көкірекше-жиденің немесе көйлектің сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл киім. Оның өңірі мен етегі өрнектеліп кестеленеді. Қыз-балалардың көкірекшесінде теңгелер, маржан сияқты әшекей заттар тағылады.

Қос етек көйлек-жібек, торғын, шәйі сияқты асыл матадан ті жаға кең етек етіп тігілген көйлек. Етегіне өрнектелі бүрмеленген қос желбіршек көйлек деп аталады.

**Сергіту сәті**
Мынау менің оң қолым,
Мынау менің сол қолым.
Барлық істі атқарған,
Бәрі осыдан басталған.

Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс. Балаларды үш топқа бөліп отырғызып, топтарға әр-түрлі тапсырма беріледі.
1.Топ тапсырмасы:
Тақияны түрлі моншақтармен көркемдейді.
2.Топ тапсырмасы:
Көкірекшенің өңірін оюлайды.

3.Топ тапсырмасы:
Қос-етек көйлектің етегіне оюлар жапсырады.
Балалар жұмыстарына қызығушылықпен кіріседі.
**Қорытынды :**
1.Балалар, сендер қыз балаға арналған қандай киімдермен таныстыңдар?
2.Неге бұл киімдерді ұлттық киімдер деп айтамыз?
3. Бүгін біз қандай киімдерді әшекейледік?
Бүгін үш топтың балалары тапсырманы өте жақсы орындады.
Бүгінгі оқу қызметіне барлығың жақсы қатыстыңдар. Рахмет, балалар.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №19**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Ұл бала киімі» (жейде, шалбар, көкірекше, тақия)**
(тәжірибе)
**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық киімдерінің барша сымбатына , ою-өрнегі мен әшекейіне қызықтыру, дұрыс айтуға үйрету, бұрын меңгерген білімдерін кеңейту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қазақтың ұлттық құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Ұл бала киімдерінің суреттері, слайд, киімдердің үлгісі, түрлі- түсті қағаз, желім, қайшы, сулы шүберек.

**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері: Жарық болса күніміз,
Жарық шығар үніміз.
Біз болашақ гүліміз,
Қайырлы күн!
Күліп шықты күн бүгін.

Өткен тақырыпты қайталау.
Сұрақ –жауап.

Тақырып бойынша слайд көру.

Әңгімелесу. Өткен сабақты еске түсіре отырып, ұл бала мен қыз балаға арналған киім түрлері, олардың айырмашылығы, қалың және жұқа киімдер, бас киім, сырт киім, аяқ киім болып бөлінетіні туралы айтылады. Күнделікті киетін киімдерді ұлттық киімдермен салыстыру. Ұл балаларға арналған киімдердің ішінен жейде, көкірекше, шалбар, тақияның үлгісін жасату.

Балаларды екі топқа бөлу:

1топ: Жейде мен шалбарды түрлі -түсті қағазбен жасап, үлгі суретке жапсырады.

2топ: Көкірекше мен тақияны түрлі-түсті қағазбен жасап, үлгі суретке жапсырады.

**Негізгі бөлім:**

Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1топ: 1. Жейде мен шалбардың үлгісін түрлі-түсті қағазға бастыру.

2. Қайшымен қиып алу.

3.Ұл баланың сурет үлгісіне желімен жапсыру.

2топ: 1. Көкірекше мен тақияның үлгісін түрлі-түсті қағазға бастыру.

2. Қайшымен қиып алу.

3.Ұл баланың сурет үлгісіне желіммен жапсыру.

**Сергіту сәті:** Дөңгеленіп тұрамыз,
Керегіні құрамыз.
Уық болып иіліп
Шаңыраққа киіліп
Достық үйін құрамыз.

Дидактикалық ойын: «Ойлан тап, не артық?»

Санамақ

Бір дегенім- бөрік,
Кисең бойға көрік,
Екі дегенім- етік,
Киер сәнді етіп.
Үш дегенім-ішік,
Теріден киер пішіп.
Төрт дегенім-тымақ,
Қыста кисең жылы –ақ

Бес дегенім-байпақ,
Іші жылы тайпақ.
Алты дегенім-алқа,
Мойнына тақ ал да.
Жеті дегенім-жейде,
Кір болмасын кейде.
Сегіз дегенім-сенсең,
Жылысы тоңның сеңсең.
Тоғыз дегенім –телпек.
Болма бала , тентек.
**Қорытынды бөлім:**
Бүгінгі көңіл- күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрау.
Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.
Мақтап, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №20**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Батырлар киімі» (көйлек, сауыт, етік, дулыға)
**Мақсаты:** Батырлардың киімдерімен таныстыру. Түстерді сәйкестендіре отырып сәндік жапсыру, оюларды қолдана білуді үйрету. Балалардың шығармашылық қиялын, қабілетін дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** Қайшы, желім, үнтаспа, желім жаққыш, түрлі қағаз.
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері: Тілегіміз-тыныштық,
Ашық болсын кең аспан.
Слайдтан суреттер көрсету:
-Балалар, экраннан не көріп тұрсыңдар?
-Сурет.
-Суретті кімдер салған?
-Суретші.
-Дұрыс.
-Ал суретте кімдер бейнеленген?

-Батырлар.
**Негізгі бөлім:**
Мақал:Болатын елдің баласы,бірін-бірі «Батыр»-дер
Болмайтын елдің баласы бірін –бірі түтіп жер.
Ер қаруы-бес қар.у
Ер шекіспей бекіспейді.
-Ендеше олар қандай киімдер киген?
-Көйлек, сауыт,етік, дулыға.
-Көйлекті матадан тіккен.

Сауыт сәнді және берік болған. Оны денеге оқ дарымас үшін кеудеге киеді.

Дулыға-темірден, жезден жасалған батырдың бас киімі.

Етік-иленген мал терісін жүнін ішіне қаратып немесе былғарыдан тіккен. Оюмен әшекейленген.

Балалар, біздің қазақ халқымыз ерте заманнан-ақ өте шебер, өнерлі болған. Барлығын дерлік көз тартарлық, әдемі оюлармен әшекейлеген.

Біз бүгін сендермен батырлардың киімдерін әшекейлейміз.

**Сергіту сәті:**

Мынау-менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау-басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау-менің оң қолым,
Мынау-менің сол қолым-
Барлық істі атқарған.

Жұмыс барысы көрнекі түрде көрсетіле отырып түсіндіріледі. Түрлі-түсті қағаздан қабаттап бүктеп, оюдың үлгісін бүктелген жағынан қойып, жай қарындашпен бастырып алу. Белгі бойынша оюды қиып алу. Негізгі бетке аппликация бөлшектерін дұрыстап орналастыру. Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.

Балалар жұмыстарын бақылап, кейбір балаларға түсіндіріп, көмектесіп отырады.

**Қорытынды бөлім:**
Дайын болған жұмыстарды қорытындылап, талдау, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №21**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Хандар киімі»
**Мақсаты:** Ұлттық киімдер туралы түсінік беру. Балалардың эстетикалық сезімін дамытуды ұлттық тәрбие арқылы қалыптастыру. Шығармашылық еңбек, шеберлік дағдыларын қалыптастыру.

**Заттық дамыту ортасы:** сурет дәптер, киім үлгілерінің суреттері т.б.
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері: Жарқырап күн ашылды,
Айналаға шашылды.
Біз нәзік қыздармыз,
Біз ержүрек ұлдармыз
Қайырлы таң , достарым!

Балалар, басқа да халықтар сияқты қазақ халқынында өзіне тән ұлттық киімдері бар екенін айтқым келіп отыр.

**Негізгі бөлім:**
Суреттер бойынша әңгімелесу.

Сендер қандай ұлттық киімдерді білесіңдер?
Олар: камзол, сәукеле, шапан, желетке, тақия,мәсі т.б.
Ұлттық киімдерді әр түрлі мақсатта пайдаланған.
Мысалы: хандар құндыз бөрік, сәнді шапан, былғары етік т.б. киген. Киімдерді жыл мезгіліне және адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты тігеді. Оларды ұлттық ою-өрнектермен әшекейлейді.

Бүгінгі бейнелейтін хандардың киім үлгісін біз әдемі, қанық түстерді таңдап ала отырып әшекейлейміз.

Үлгі ретінде жұмыстың орындалу ретімен таныстырып көрсету.

Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық,
Құстай болып ұшайық.
Астанаға қонайық
Бәйтерекке ұқсайық.

Жұмбақтар: Кисем-биік,
Шешсем-аласа. (бөрік)
Сырты тегіс,
Іші егіс (тон)
Күндіз ажырамас дос боламын,
Түнде екеуімен қоштасамын. (етік)
Мақал-мәтел: «Еңбек түбі- береке»
«Шебердің қолы ортақ
Шешеннің тілі ортақ».
Ою ойғанның ойы ұшқыр.

-Ал балалар, біз бүгін трафаретті пайдаланамыз, яғни бастырманы. Мен сендерді үш топқа бөлуді жөн көріп тұрмын.
1-топ. «Құндыз бөрікті»
2-топ. «Сәнді шапанды»
3-топ. «Былғары етікті»
Ою-өрнекті бастырманы ала отырып әшекейлеуді ұсынамын.
Балалардың өз бетінше еңбектенуі
Дидактикалық ойын.
**Қорытынды:** Оқу қызметінің соңында дайын болған жұмыстарды үстел үстіне қойып, балалар бірге қарайды. Балалардың еңбек нәтижесінде сәтті шыққан ұлттық хан киімдеріне ерекше тоқталып, оның мазмұнына ,орындалу мәнеріне назар аударып, атап өту керек.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №22**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Киім дүкені» (матамен жұмыс)
**Мақсаты:** Ұлттық киімдер туралы түсініктерін тиянактау. Түрлі-түсті маталармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Еңбектің бұл түріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ою-өрнекпен әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** ою-өрнек элементтері, трафареттер, түрлі-түсті маталар, қайшы, желім, сүлгі, қылқалам.

**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
1.Қауіпсіздік ережесін еске түсіру
**Негізгі бөлім:**
Балалар, мен бүгін «Киім дүкеніне» саяхатқа баруды ұсынамын. Ол жай дүкен емес, ұлттық киімдерді сататын дүкен екен. Алдымызда аналарымыздың мерекесі болатындықтан аналарға, қыздарға сыйлық қарайық. Әдемі әшекейленген камзолдар, орамалдар бар екен, ал қыздарға арналған не бар екен?

- Ия, балалар, мына сәукелені қарандаршы.
- Сәукеле туралы айтсам, сәукелені қыз балалар үйлену тойларында киген.
- Сәукеле әдемі болуы үшін ою-орнек, асыл тастармен әшекейлеуге және бағалы аңдардың терісінен маңдайшасына қоюға болады екен.

Мақал-мәтел:
1.Талаппен бастап,
  Талғаммен аяқта.
2. Асыл қайшы пішуге сән,
  Күміс қасық ішуге сән.
3. Шебердің саусағы алтын.
4. Әке көрген оқ жонар,
  Шеше көрген тон пішер.

Бүгін барлық бала шебер болады. Біз қыздарға сәукелені әшекейлеп берейік.

- Ою-орнек элементтерін таңдап, трафареттермен картон қағазға сызуды ұсынамын.
- Енді мата қиындыларын таңдап алып, оны ұсақтап қию керек.
- Сәукелені ушбұрыш етіп қырқып, ақ қағаздың ортасына қондырып, артына жұқа матадан сәукелесін жапсырып алған соң, әдемі болуы үшін ернеуіне қалың тонның т.б. қыжым түрінен мақта салып қалыңдау болуы үшін қиып жапсыру керек.

- Сосын қиылған ою-өрнекке желім жағып, әшекейлеп жапсырамыз.

Сергіту сәті:

Өзен болып гүрілдейміз,
Теңіз болып толқимыз.
Бұлақ болып сылдырлаймыз,
Ешқашан да сарқылмаймыз.

Балалардың өз ойларын шығармашылықпен толықтыруға мүмкіндік беру.

Дидактикалық ойын.

**Қорытынды:** Әр бала өзінің жасаған жұмысы туралы айтып береді. Баланың жұмысына баға беріп, мақтап мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №23**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Ою-өрнектер және олардың түрлері»
**Мақсаты:** Қазақтың ою-өрнек түрлерімен таныстыру. ойлау қабілетін жетілдіру. Бастырып салу әдісі арқылы қылқалам және субояумен жұмыс іскерліктерін қалыптастыру.
**Заттық дамыту ортасы:** бастырма ою, суреттер
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Қайырлы күн досым,
Қайырлы күн болсын.
Сәрсенбінің сәті
Сәттілікке толсын!
Біздің бала бақшамыз
Қуанышқа толсын!

**Негізгі бөлім:**Әңгімелесу сурет бойынша

-Табиғатымыз көз тартарлық әсем де, әдемі. Бұрынғы уақытта халқымыз көшпенді өмір сүрген. Көшпенді өмірге қолайлы баспана ретінде киіз үйді пайдаланған. Үй іші жиһаздармен толықтырылған. Жан-жануарлардың бейнесін салмаған, олардың бейнесін ою-орнектер арқылы көрсеткен.

Мысалы: қошқар мүйіз, сынық мүйіз, құс қанаты, толқын.
Ал бірнеше оюларды біріктіру арқылы өрнектер шығарған.
Ұлттық киімдер көрсетілімін ұйымдастыру.
Қойдың жауын алатын,
Көрсең анам киізін.
Елестетер оюы
Бір арқар мүйізін.
Киіз үйдің ішінде
Алқа –қотан отырып,
Қыл табанды қолданып,
Басқұр-баулар тоқыдық.
**Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұрайық,
Қолымызды созайық.
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Белімізді жазайық.
Айналаға қарайық,
Отырып-тұрайық
Біз тынығып алайық.

Мақал-мәтелді еске түсірейік:
«Өнерлі өрге жүзеді»
«Өнер-бұлақ, білім-шырақ»
Иә,балалар, «Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық» дейді халық даналығы.
Өз бетінше еңбектену.
Трафареттің яғни бастырманың көмегімен ою-өрнектердің суреттерін салып, бояймыз. Іске сәт!

Ойын «Жалғастыр»

Ойлана білмеген ою оя ...
Талпынсаң бастап, ... аяқта.
Өнер-таусылмас азық, жұтамас ...
**Қорытынды:**

Оқу қызметін қорытындылау. Балалардың еңбегін бағалау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №24**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Мүйіз, қошқар мүйіз ою- өрнегі»
(тәжірибе)

**Мақсаты:** «Қошқар мүйіз» ою өрнегінің түрімен таныстыру, оның жасалу жолдарын үйрету, ою-өрнектің атын дұрыс атауға үйрету. Балалардың ұлттық дүниетанымдылық ұғымын кеңейту. Қол икемділігін дамыта отырып, шеберлігін арттыру.

**Заттық дамыту ортасы:** «Қошқар мүйіз» оюының үлгісі, тудың суреті, көк түсті картон, гуашь, су, сулы шүберек.

**Қостілді компонент:** ою-узор, өрнек-орнамент

**Оқу қызметі барысы:**

Шаттық шеңбері:

Еңбек етсем ертеңгі
Бақытыма сенемін!
Мақсатыма жеткізер
Уақытыма сенемін!

Өткен тақырыпты қайталау.

Сұрақ –жауап.

**Слайд арқылы әңгімелеу**

- Біз бүгін қазақтың «Қошқар мүйіз» ою- орнегін салы үйренеміз. «Мүйіз» -қазақ оюының ең көне мәнері. Мүйіз ою өрнек кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш сүйек, қолөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмак текемет, алаша, сәулет өнерінде қолданады. «Қошқар мүйіз» ою өрнегі қойдың төбесі мен екі жақа иірім түскен мүйіз бейнесінд келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағ бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Балаларды назарын ҚР туына назар аударту. Өрнек-қазақ халқының бай қо өнерінің белгісі. Туда берілген «қошқар мүйіз» оюы ғасырла елегінен өтіп күні бүгінге дейін сақталған.

-Балалар, бүгін біз қазақстан туының суретін саламыз.
Суретті триздік әдіспен саусақпен саламыз.
Саусақпен сурет салу әдісін түсіндіру.

**Негізгі бөлім:**

1. Сұқ саусақты сары түсті бояуға батыру.

2.Заттың суретін салу.
3.Ылғал шүберекпен сүрту.
4.Ыдыстарға суға жуу.
5. Жұмыс орнын жинастыру.

**Сергіту сәті:** Саусақпен сыздым ауада,
Қошқарымның мүйізін.
Топ-топ бастым аяқпен
Өрнектерін киіздің.

Тақпақ:
Қазақта бір ою бар- «Қошқар мүйіз»,
Орын алар тұрағы,көрпе, киіз.
Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде
Көз тартып құбылады оюымыз.

**Қорытынды :**
- Қандай оюдың суретін салдыңдар?
Қандай әдіспен салдыңдар?

Балалардың жауаптарын қорытындылау.Жасаған жұмыстарын бағалау, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №25**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Сынықмүйіз ою-өрнегі»**
(тәжірибе)

**Мақсаты:** «Сынықмүйіз» ою-өрнегінің түрімен таныстыру, оның жасалу жолдарын үйрету, ою-өрнектің атын дұрыс атауға үйрету. Балалардың ұлттық дүниетанымдылық ұғымын кеңейту. Қол икемділігін дамыта отырып, шеберлігін арттыру.

**Заттық дамыту ортасы:** «Сынықмүйіз» оюының үлгісі, түс киіз үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, көңіл –күй, рефлексия.

**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:
Дос болайық, бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.
Жабырқауды білмейміз.
Жалқаулықты сүймейміз
Біз талантты жас ұлан
Үлгі аламыз жақсыдан.

Өткен тақырыпты қайталау. Сұрақ –жауап.

- Біз бүгін қазақтың «Сынықмүйіз» ою-өрнегін танып, оның қию тәсілін, жапсыруды үйренеміз.

- Өнер, шеберлік туралы мақалдар.

1.Шебердің қолы-алтын.
Шешеннің сөзі алтын.
2.Өнерлі бала-сүйкімді
Өнер көзі халықта.
3.Өнер –өлмес мұра.

«Сынық мүйіз» ою-өрнегі морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою өрнек кілемдерді, шилерді,алашаларды, сондай –ақ әр түрлі бұйымдарды безендіру үшін пайдаланылады. Енді осы оюды қағазға бастырып қиюды үйренеміз. Алдарында тұрған қағазға сынық мүйіз оюының үлгісін бастырап, оны қиып аламыз. Тақтада іліиіп тұрған түс киізге апарып жапсырамыз.

**Негізгі бөлім:**

Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.

1.Қағазға оюдың үлгісін бастыру.
2. Қиып алу.
3.Оюды түс киізге жапсыру.
4. Жұмыс орның жинастыру.

**Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық,
Ою-өрнек сызайық.
«Сынық мүйіз» , «Ботагөз»
«Құс қанаты», «Гүл өрнек»
Ою өрнек әлемі.
Қолға ұстап қайшыны,
Жалғастырып дәстүрді
Жапсырайық оюды.

Жаңылтпаш үйрену.

1. Ойналмаған ойын бар,
Ойылмаған ою бар.
2. Ою ою керек,
Бояуы қою болу керек.

Дидактикалық ойын: «Кесенің оюын тап?»

**Қорытынды бөлім:**

Бүгін нені үйрендік?

-Ою өрнектің аттарын атаңдар?

-Түс киізді қандай ою-өрнекпен өрнектедік.

Балалардың жауаптарын корытындылау. Мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №26**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы:** «Түйетабан ою –өрнегі»

(тәжірибе)

**Мақсаты:** «Түйетабан ою –өрнегі» ою-өрнегінің түрімен таныстыру, оның жасалу жолдарын үйрету, ою-өрнектің атын дұрыс атауға үйрету. Балалардың ұлттық дүниетанымдылық ұғымын кеңейту. Қол икемділігін дамыта отырып, шеберлігін арттыру.

**Заттық дамыту ортасы:** Сандықтың суреті, түрлі-түсті бояу, қылқалам, су, сулы шүберек, ою өрнектің үлгісі.

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Біз кішкентай балдырған,
Он саусақатна бал тамған.
Қолымызда қылқалам,
Әдеппен біз бастаймыз.
Оюларды салудан.

Өткен тақырыпты қайталау. Сұрақ –жауап.

- Ою туралы жаңылтпашты қайталату.

Жаңа оқу әрекетінде танысатын ою «Түйетабан» деп аталады. «Түйетабан» ою-орнегі түйенің басқан ізін корсететін ою орнек. Түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келетін ою.

-Балалар, мен сендерді халық шеберлері жасаған бұйымдарды тамашалауға шақырамын. Оларды мына тұрған ұлттық бұрыштан көресіңдер. «Талабы бар адам еңбекке бас ұрады» деген мақал бар. Мына отырған сендер де кейін үлкен шебер болуларың мүмкін. Қазақтың көне заманынан келе жатқан үй бұйымдары, жиһаздары сандық, көрпеше, киіз үй, қоржын, торсық т.б осындай түрлі бұйымдарды жасау үшін шеберлер ұлттық ою түрлерін пайдаланған. Мен сендерге көрмеде көрген ұлттық бұйымдардың атаулары туралы жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ

1.Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Көйлегі тоқ, қарны тоқ.
(жастық)

2.Бір нәрсе өзі биік, өзі куыс
Ол заттың сүйегі бар айқыш-ұйқыш.
Көзі бар төбесінде жарқырайды
Жайса үлкен , жиса бір ақ уыс.
(киіз үй)

3.Ішіне адам батпайды,
Затыңды аман сақтайды.
(сандық)

-Ұлттық жиһаздардың бірі – сандық.

-Алдыларындағы қағазда сандықтың суреті салынған. Осы сандыққа түрлі-түсті бояумен түйетабан ою-өрнегін салып, безендіреміз.

**Негізгі бөлім:**

1.Бояудың түсін таңдау.
2.Қылқаламның ұшын суға батырып, бояуды жағу.
3.Қағаз бетінде оюды салу.
4. Жұмыс орнын жинастыру.

**Сергіту сәті:** Саусақтарым иіліп,
Билей-билей жөнелді.
Бас бармағым, сұқ саусағым,
Қосып ұстап бояуды.
Ортан терек, шылдыр шүмек,
Кішкентай бөбек
Бүгіліңдер бәрің де.

Бір, екі, үш жина бойға күш.

Жұмбақ
Таптым, таптым топ жорға,
Табаны жалпақ боз жорға.

(түйе)

Дидактикалық ойын: «Өрнекті тап»

**Қорытынды бөлім:**

Қандай ою-өрнек түрімен таныстық?
Оның аты неге түйетабан деп аталады?
Балалардың жауаптарын қорытындылау. Жұмыстарын бағалау, мадақтау

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №27**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы:** «Балдақ» ою-өрнегі.
**Мақсаты:** Балаларға жалпы ою-өрнек туралы түсінік беру. Ұлттық ою-өрнек туралы білімдерін бекіту. Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, ою-өрнек түрлері, дайын эскиздер, фетр матасы, желім, сүрткіш, тақта слайдтар.
**Оқу қызметі барысы:**
Кіріспе
Шаттық шеңбер:

Көтеріліп шаңырақ,
Керегелер керіліп.
Өрімдей болып өріліп,
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Бәріміз жүрсек айналып.

Балалардың назарын оқу қызметіне аудару. Сұрақ-жауап:
- Балалар, бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?
- Қандай ою-өрнектерді білесіңдер? Атап беріңдерші.

Бейне таспа көрсету (ою-өрнектердің суретін көрсету)

Балаларға слайд арқылы «Балдақ» оюын көрсетіп, тәрбиеші сол туралы мәлімет береді.

**Негізгі бөлім:** Ал бүгін біз сендермен тағы да бір оюдың түрімен танысатын боламыз. Балдақ ою-өрнегі бүркіт ұстаған қолдың білегіне киіліп тұратын, жоғары басы балдақ сияқты, жарты шығыр формасында келеді. Балдақ өрнегі бір-бірімен қосыла, шеңберге ілмелене келіп, күрделі өрнек түзейді. Бұл өрнек киіз бұйымдарын әшекейлеуде, кесте тігуде, зат бетіне оюлы бедер салуда қолданылады.

Балаларға балдақ ою-өрнегі түскен бұйымдар мен заттарды көрсету. (альбом жинағы, суреттер, заттар)
Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс (алдын ала әр баланың алдына фетр матасына салынған балдақ ою-өрнегі, ширатылған жіп қойылған).

Тәрбиеші балаларға қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша нұсқаулық береді (желімді дұрыс пайдалану, ұқыпты жапсыру, бір-біріне кедергі жасамау).

Тапсырманы түсіндіру:
Тәрбиеші тақтаға жұмыс үлгісін көрсетеді, балалар алдарына қойылған оюдың үстінен түрлі тоқыма жіпті желімдеп жапсырады. Балалар үлкен жауапкершілікпен жұмысқа кіріседі. Педагог балалар жұмысын қадағалайды
Сергіту сәті:
Орнымыздан тұрайық,
Қолымызды созайық.
Бойымызды жазайық,
Айналаға қарайық,
Бір тынығып алайық.
Тынығып болған соң
Әсем өрнек жасайық.

**Қорытынды :**
Сұрақ- жауап:
1.Балалар, бүгін қандай ою-өрнек түрімен таныстық?
2.Балдақ ою-өрнегін қай жерлерде қолдануға болады?
3.Сендерге өздерің жасаған жұмыстарың ұнады ма?
Оқу қызметіне барлығың өте жақсы қатыстыңдар. Оқу қызметі аяқталды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №28**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Қармақ ою-өрнегі»
**Мақсаты:** Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру. Қазақ ою-өрнегі туралы білімдерін бекіту. Ұлттық өнерімізді қастерлеуге, құрметтеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Үлгі суреттер, ою-өрнек түрлері, қайшы, желім, жұмыс қағазы, сүрткіш, тақта, слайдтар.

**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Ашық менің жүрегім,
Ылғи күліп жүремін.
Бірге ойнап бір жүрер,
Достарым көп, білемін!

**Балалардың назарын оқу қызметіне аудару:**
Ою-өрнек ұлттық сана оятар,
Ою- өрнек үнсіз ғана оятар.
Ою-өрнек шеберлікке жетелеп,
Өнеріңді кәжетіңе жаратар.

**Негізгі бөлім:**
Сұрақ жауап:
Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
Оқу қызметіне дайынсыңдар ма?
Өткен оқу қызметінде қандай ою-өрнекпен таныстық?
Тәрбиеші слайд көрсету арқылы «Қармақ» оюын көрсетін, сол туралы мәлімет береді.
Қармақ ою-өрнегі кәдімгі балық аулайтын қармақтың ілмегін тұспалдайды. Қармақ өрнегінде екі-үш, кейде одан да көп тармақ болады, оны кейде «зәкір таңба» деп те атайды.
Балаларға қармақ ою-өрнегі түскен бұйымдар мен заттарды көрсету. (альбом жинағы, суреттер,заттар)
Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс:
(алдын ала дайындалған картон қағазы, қармақ ою салынған сурет, қайшы желім, сүрткіш)

Тәрбиеші балаларға қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша нұсқаулық береді (желімді дұрыс пайдалану, ұқыпты жапсыру, бір-біріне кедергі жасамау).
Тапсырманы түсіндіру.
Қағаз бетіне түсірілген балдақ оюын бүлдірмей қыркып алып, оны түрлі-түсті картонға ұқыпты жапсыруды айтады. Әр бала өз алдындағы тапсырманы қызығушылықпен орындайды.
Сергіту сәті: Ал балалар тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып бір тұрын,
Біз тынығып алайық.

**Қорытынды бөлім:**

1.Бүгін біз қандай ою-өрнек түрімен таныстық?
2.Ою-өрнекті қандай жерлерге пайдаланса болады?

Бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар, жапсырылған оюларың өте әдемі болып шықты.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №29**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Тарақ ою-өрнегі»
**Мақсаты:** Ою-өрнек туралы түсініктерін кеңейту. Тарақ ою-өрнегімен әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын дамыту. Бастырып салу әдісі арқылы қиюды үйрету.
**Заттық дамыту ортасы:** бастырма ою түрлері, киім үлгісі, қайшы, түрлі-түсті қағаздар, желім, құрғақ шүберек.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбер: Табиғатым тамаша,
Көз тоймайды қараса.
Табиғатты аялап,
Жүрейінші жараса.
Сәлем,саған, жер ана!
Сәлем саған нұрлы күн!

**Негізгі бөлім:**

Балалар, әр халықтың өзіне тән ою-өрнектері бар. Ою-өрнектер бірнеше түрлі болады. Мысалы: қошқар мүйіз, құс қанаты,ботамойын, сынық мүйіз, толқын. Ал бірнеше ояларды біріктіру арқылы орнектер шығарған.

Балалар, мен сендерге бейнетаспа көруді ұсынамын.

Бүгін біз тарақ ою-өрнегімен танысамыз

Осы сәтте әже қоржынын арқалап топқа кіреді.

Әже, сіз қайдан жүрсіз? Балалар, әжемізге сәлемдесіп, амандық ұсынайық.

Әже келген бұйымтайын айтады:

Қоржыным іші толған құрт еді. Соны көтере алмай қоржыным жерге құлап, әшекейлері жыртылып қалды. Соған сендерден көмек сұрай келдім.

Балалар, әжейдің көңілін көтеріп,ән айтып берейік.

«Әжетайым» әнін орындайды.

Әже: Тамаша ән екен,балаларым, сендерге рахмет!

Балалар, біз әжеге көмектесіп, тарақ оюымен қоржынын әшекейлеп берейік.

Интербелсенді тақта арқылы тарақ оюының қию әдісімен таныстыру.

- Біз бұл оюды бастырма трафарет арқылы қиямыз.
- Мен сендерге мына өлең шумағын оқып берейін. :

Әшекейді қолданып,
Көздің жауын алатын.
Көрсең тарақ оюын,
Елестетіп қоржынды.

Өнер туралы мақал кім біледі?

1. Өнерлі өрге жүзеді.
2. Өнер-бұлақ, білім-шырақ.
3. Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық.
4. Өнерлі бала сүйкімді.

Әже: -Өте тамаша, мақалды да жақсы біледі екенсіңдер.

- Ал ,балалар, іске сәт! (өз бетінше еңбектену)

Сергіту сәті:
Жел улейді ууу-ууу,
Құйын келіп билейді зу-зу,
Қатты-қатты жел соқты гу-гу,
Жапырақтар қол соқты ду-ду.

Ескерту: Балалар, техникалық қауіпсіздікті сақтап, қайшының ұшын төмен қаратып ұстап, сол қолымызга қағазды алып қиғанымыз жөн.

Қортынды:

- Қане, балалар, сендердің жасаған заттарыңдағы тарақ ою-өрнекпен әженің қоржынын безендіріп көрейік.

Әдемі қиылған оюларға баға беріп мақтан – мадақтайды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №30**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Су өрнегі»
**Мақсаты:** Балаларға ою-өрнек туралы түсінік беру.Су өрнегімен таныстыру. Ұлттық өнерімізді қастерлеуге, өрнектеуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Ою-өрнек түрлері эскизі, желім, [illegible] қағазы, сүрткіш, акварель бояуы, слайдттар.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Көтеріліп шаңырақ,
Керегелер керіліп.
Өрімдей болып өріліп,
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Бәріміз жүрсек айналып.

Балалардың назарын оқу қызметіне аудару:
Сұрақ жауап:
Балалар көңіл күйлерің жақсы ма?
Өткен оқу қызметінде кандай ою-өрнек түрімен таныстық?
**Негізгі бөлім:**
Тәрбиеші слайд корсету арқылы «Су» өрнегін көрсетіп, сол туралы мәлімет береді.
Балалар, су өрнегі деп әрбір өрнекті бөліп тұрған жолақты атайды. Су өрнегі екі қатар сызық арқылы дөңгелек, төртбұрыш бейнелерді жасайды. Бұл ою-өрнекті «бессаусақ», кейде «[illegible]» деп те атайды.
Балаларға су өрнегі түскен бұйымдар мен заттарды көрсету. (альбом жинағы, суреттер, заттар), слайд арқылы әңгімелеу.
**Мақал-мәтелдер тыңдау:**
Өнер - бұлақ, білім- шырақ.
Өнерлі өрге жүзеді.
Өнер таусылмас азық,
[illegible] байлық.

Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс:
(алдын ала дайындалған жұмыс дәптері акварель бояуы, су, қылқалам)
Тәрбиеші балаларға қауіпсіздік ережесін сақтау бойынша нұсқаулық береді.
Тапсырманы түсіндіру:
Тәрбиеші балаларға жұмыс дәптеріне салынған су өрнегін сыртына шығармай қылқаламмен бояу керек екенін айтады. Балалар түстерді өздері таңдайды. Тәрбиеші балалардың жұмысын қадағалайды.
Сергіту сәті:
Өзен болып гүрілдейміз,
Теңіз болып Толқимыз.
Бұлақ болып бұрқылдаймыз,
Ешқашан да сарқылмаймыз.
**Қорытынды:**
1.Балалар бүгін біз қандай ою-өрнекпен таныстық?
2.Қандай жұмыс атқардыңдар?
Балалардың жұмысын мадақтау,бағалау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №31**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Ботакөз өрнегі»**
**Мақсаты:** Балаларға жалпы ынтымақ туралы ою-өрнек туралы түсінік беру. Ұлттық ою-өрнекпен безендіру, ою-өрнек туралы білімдерін бекіту. Матадан жапсыру, жұмысын орындауды үйрету, эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Қатырма қағаз, түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қылқалам, трофорет, ою-өрнек элементтері.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Көтерілін шаңырақ, керегелер керіліп.
[illegible] болып өріліп, уықтар болып иіліп,
Шаңыраққа кіріп, бәріміз жүрсек айналып.
**Негізгі бөлім:** Тәрбиеші балаларға ұлттық бұйымдардың суретін көрсетіп, олардың ерекшеліктеріне ою өрнегіне, түр-түсіне назарларын аударады. Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары туралы алдыңғы оқу іс-әрекетіне алынған білімдерің толықтыру. Балалар, мынадай ою өрнектерді көріп отырсыңдар. Ботакөз, ит құйрық өрнегі, [illegible] өрнегі, ирек өрнегі. Бүгінгі сабақта жапсыру жұмысына пайдаланылатын материалдарымен таныстыру. Орамалдың шетіне салынатын өрнек ерекшелігін анықтау. Жұмыстың орындалу барысын түсіндіре отырып, матамен орындалатын аппликациялық жұмысты өзі [illegible] көрсетеді. Оюдың үлгісін қиып алу. Матаның үстіне қойып жай қарындашпен бастырып сызып алу. Матаның орнына түрлі-түсті мата және қағазды қолдануға болады.
**Сергіту сәті**
[illegible] қинаймыз,
[illegible] жастаймыз.
[illegible] әуен ағынмен,
[illegible] бастаймыз.
Иілеміз оңға бір, иілеміз солға бір,
Қолды жоғары көтеріп, қолды төмен түсіріп,
Терең тыныс аламыз.
Оюды сызық бойымен қиып алу. Және берілген орамалдың шетіне оюларды орналастырады.

**Дидактикалық ойын Сөз ойла, тез ойла.**
Мен әншімін,
Мен дәрігермін,
Мен ғарышкермін,
Мен тігіншімін осылай жалғаса береді.
**Қорытындылау.** Дайын жұмыстарға талдау жасау, сабақты қорытындылау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №32**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: « Ит құйрық өрнегі»**
**Мақсаты:** Балалардың зейіндерін тақырыпқа шоғырландыру. Бейнелеуге деген қызығушылық қабілетін арттыру. Саусақ қимылдарын дамыту. Сурет салу әдісін үйрету. Ұқыптылыққа тазалыққа үйрету.
**Заттық дамыту ортасы** :Үлгі суреттер.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Жүреккке жылу салайық,
Жиналған жылы шуақты,
Бір-бірімізге сыйлайық.
**Негізгі бөлім.** Балалар көңіл-күйлеріңіз қалай? Ендеше бүгін біз ерекше күн. Есік қағылып, музыка әуенімен әже қонаққа келеді.
Әжемен сәлемдесу.
Күндей жадырап,
Айдай арайлап,
Жұлдыздай жарқырап,
Судай мөлдір. - Әже, сіз неге көңілсізсіз. Өздерің көңілді б екенсіңдер. Ой қарақтарым-ай, ауылда туған кезімізде текемет болушы еді, ал қазіргі кезде қалада тұратындар сол текеметті бі де. Әже, сіз ренжімеңіз. Бүгін сіздің балаларыңыз сізге көмек көңіліңізді көтереміз. Онда алдымен маған мына мақал мәте толықтыруға көмектесіңдерші.

1. Өнерді үйрен де, жирен.
2. [illegible], өнер көп.
3. Шебердің саусағы алтын.
4. Үйренгеннің өзіне, істегеннің еліне құт.
5. [illegible] ойланбаған.
6. [illegible] ертеңі бітпейді.
7. [illegible] мол өнер.
8. [illegible] ойы ұшқыр.
**[illegible]** Шынында сендер ақылды екенсіңдер. Балалар, біз әжемізге [illegible] текемет өрнектеп берейік. Олай болса, балалар, сендер текеметті өрнектегенше, мен сендерге бауырсақ пісіріп келейін. Текеметтің суреттерін көрсету. Текеметті киізден жасаған. Киізден аяқ-киім, пима [illegible]. Біздің киіз үйіміз де осы киізден жасалған. Текеметті оюөрнекпен салып, басқа ою өрнектің суретін көрсету. Біз бүгін текеметке ит құйрық деген өрнекті саламыз.
**[illegible] нұсқау** Орындыққа түзу отырамыз, аяғымызды жинаймыз. Текеметтің үлгісін көрсету. Қылқаламды оң қолға үш саусақтың көмегімен ұстаймыз. Суретті ауада саламыз, суретті таза ұқыпты салу. Үлгіге қарап салу, жеке жұмыс жүргізу. Балаларға текеметке ит құйрық өрнегі суретін салу.
**Сергіту сәті**
Ал, балалар, тұрайық,
[illegible] өрнек салайық.
[illegible] бұрыңғы
[illegible] ірек су.
[illegible] әлемі
[illegible] алайық, сәнді өрнек салайық.
**Дидактикалық ойын:** Өрнектерді құрастыр.
**Қорытындылау.** Балалардың салған суретін мадақтап, бағалау.
Балалар шеңберге тұрады. Музыка әуенімен әже кіреді. Әже балаларға рахмет айтады, өзі дайындап келген бауырсақты тарту етеді. Әже балалармен қоштасады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №33**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** « Ирек өрнегі»
**Мақсаты:** Балалардың зейіндерін тақырыпқа шоғырландыру. Бейнелеуге деген қызығушылық қабілетін арттыру. Саусақ қимылдарын дамыту. Ою-өрнек туралы түсінік беру. Үлгтық ою-өрнекпен безендіру. Ою-өрнек туралы білімдерін бекіту.
**Заттық дамыту ортасы:**үлгі суреттер,табақтың суреті, оюлардың түрлері, жай қарындаштар, бояулар, қылқалам, табақтың үлгісі.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Жүреккке жылу салайық,
Жиналған жылы шуақты
Бір-бірімізге сыйлайық.
**Негізгі бөлім:** Балалар, сендер қандай ыдыс-аяқ түрлерін білесің
-Кесе, тәрелке, шәйнек.
Балалар, мына суретте не көріп тұрсыңдар?
-Табақ. Табақ дегеніміз тәрелкенің үлкен түрі. Бұл қазақтың ұлтты шеберлерінің бір түрі-ыдыс-аяқ.
Табаққа қандай тағамды саламыз?
Балалардың жауаптары. Расында да, бұл табаққа ұлттық тамақ еті салынады. Сондықтан табақ әр үйде болу керек. Табақ қандай піш ұқсайды? Дөңгелек.
Табақты қалай әшекейлеуге болады? Гүлдермен, сызықтармен.
Балалар, біз бүгін табақты ирек ою-өрнегімен әшекейлейміз. Сол табақты сендер аналарға сыйлайсыңдар. Әр балаға табақтың суре салынған қағаздар таратылады. Ирек өрнегін алып трафаретін таб бастырып, сосын түрлі-түсті бояулармен бояйды.
**Сергіту сәті:**
Ал балалар тұрайық,
Ою-өрнек сызайық.
Қой ізі, гүл бүршігі,
Құс қанаты, ирек су.
Ою орне әдемі,

[illegible] алайық,
[illegible] өрнек салайық.
Дидактикалық ойын: Өрнектерді құрастыр.
Қорытынды бөлім:
Балалардың салған суретін мадақтап, бағалау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №34**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** Қос дөңгелек ирегі өрнегі
**Мақсаты:** Сырмақты ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету. Қос дөңгелек өрнегінің орналасуы, ұлттық шеберлердің түстерін қолдануға үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру. Байқампаздығын, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** Үлгі суреттер.
**Көрнекі құралдар:** Қайшы, желім, түрлі-түсті қағаз, трафарет, ою-өрнек элементтері.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Балалар, біз бүгін сабақты бір-бірімізге жақсы тілектер айтудан бастайық.
Балалар шеңберге тұрып, оң жағындағы көршісіне жағымды-жақсы тілектер айтады.
**Негізгі бөлім:** Балалар қос дөңгелек өрнегі мал таңбасына ұқсайды. Қос дөңгелек өрнегімен негізінен киіз бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлеген.
Балалар, мына суретте не көріп тұрсыңдар?
Сырмақ.
Дұрыс айтасыңдар, сырмақ дегеніміз бұрыннан келе жатқан ежелгі бұйымның бір түрі.
Сырмақ қандай пішінге ұқсайды?
Төртбұрыш.
Сырмақты қалай әшекейлеуге болады?
[illegible]рмен, домалақтармен, сызықтармен.
Балалар, біз бүгін сырмақты қос дөңгелек өрнекпен әшекейлейміз.

Ертеде, киіз бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды түрлі өрнектермен безендірген. Ою-өрнек сан алуан ұлт адамдары тұрмысынан өз көрінісін тапқан өте ежелгі өнер. Ою-өрнек замандардан бері тұмар болып саналған. Біздің ата-әжелеріміз өрнек символдарының құпия мағынасын оқи білген. Көбі өрнектер ақ пен қара болған. Бұдан кейінгі кездері қазақтың өрнегіне әр түрлі ашық түстер қосыла бастайды. Қарындаш бояуды пайдалана отырып, әсем сырнақты әдемі қос дөң өрнегімен әшекейлейік. Олардың қалай безендірілгеніне аударады.

**Сергіту сәті.**

Ал балалар тұрайық,
Мойнымызды бұрайық.
Қолымызды созайық,
Жел сияқты қалықта.
Оңға, солға иіліп, денемізді бұрайық.

**Дидактикалық ойын.** Оюларды ата.

**Қорытынды бөлім:**

Балалардың жауаптарын қорытындылап, барлық жұмыстарды мадақтайды. Балалар салған суреттерін алған әсерлерін корсетіп атады. Сурет салуға деген қызығушылықтарын білдіреді.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №35**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Тұмарша өрнегі»**
**Мақсаты:** Қазақ халқының коркем өнеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін өсіру. Тұмарша орнегімен таныстыру. Саусақ қимылдарын дамыту. Ұқыптылыққа,тазалыққа үйрету.
**Іскерлік дамыту ортасы:** Тақта, слайдттар, ою-өрнек түрлері, қайшы, желім
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Котеріліп шаңырақ,
Кереғелер керіліп.
Өрімдей болып өріліп,
Уықтар боп иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Бәріміз жүрсек айналып.

Балалардың назарын оқу қызметіне аудару:
Сұрақ-жауап:
-Балалар, бүгін аптаның қай күні?
-Өткен оқу қызметінде қандай ою-өрнек түрімен таныстық?
Тәрбиеші слайд көрсету арқылы «Тұмарша» өрнегін көрсетіп, ол туралы мәлімет береді.
**Негізгі бөлім:**
-Балалар, тұмарша өрнегі үшбұрыш үлгілес болып келеді.Үш тұп, үш бұрыш осындай тұмарлар тіл көзден сақтау үшін адамдарға ғана емес, үй жануарларына бойтұмар ретінде де тағылады. Кілем бұйымдарының жиегін, киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.
Балаларға тұмарша өрнегі түскен бұйымдар мен заттарды көрсету.
(альбом жинағы, суреттер, заттар)
Тақырып бойынша балалармен жеке жұмыс:
(алдын ала қағаз бетіне оюланып дайындалған текемет, тұмарша өрнегі әр балаға, қайшы, желім)

Тәрбиеші балаларға қауінсіздік ережесін сақтау бойынша нұсқаулық береді.
Тапсырманы түсіндіру.
Тәрбиеші балаларға ұжымдық жұмыс болатынын ескертеді. Тұмарша өрнегін қыркып алып, текеметке жапсыру керектігін түсіндіреді. Балалар үлкен жауапкершілікпен жұмысқа кіріседі. Тәрбиеші балалар жұмысын қадағалайды.
**Қорытынды бөлім:**
1.Балалар бүгін біз қандай ою-өрнек түрімен таныстық?
2.Тұмарша ою-өрнегі қандай пішінді екен?
Балалардың жұмысын талқылап, мадақтау. Оқу қызметі аяқталды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №36**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Ою-өрнектер әлеміне саяхат»
**Мақсаты:** Екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық ою-өрнектерді симметриялы қиюды үйрету. Балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру.
**Заттық дамыту ортасы:** Қатырма қағаз, түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қылқалам, трафарет, ою-өрнек элементтері.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері:

Бала,бала, баламыз,
Бақшамызға барамыз.
Күні бойы қызыққа
Батамыз да қаламыз.

«Оюлар әлемі»слайд көру.
**Негізгі бөлім:**
Түрлі-түсті ою-өрнек үлгілеріне балалардың назарын аударып талдау жасау.Осындай әдемі өрнектерді бүгін өздеріне жасау ұсынылады. Ол үшін алдымен ою-өрнек элементтерінің аттары

Ою түрлері: қошқармүйіз, түйетабан, қызғалдақ, құсқанаты, [illegible] т.б.

Мақал-мәтел

1. Ою ойғанның ойы ұшқыр.
2. [illegible] бастап, [illegible] аяқта.
3. Ою ойған сызу да сызады.
   [illegible] – ойланбаған.
4. Шебер көп жерде өнер көп.
5. Шебердің сауғасы алтын.

[illegible] барлық бала шебер атанады.Өйткені ою-өрнек үлгілерін [illegible] үйренеміз.

Ою элементтерін таңдап, трафареттермен қатырма қағазға сызуды үйренеміз.

Жіптерді суырып, тарқатып дайындап аламыз.

[illegible] өрнектерге сәйкес жіптердің түстерін таңдап алып, оны [illegible] қояды.

[illegible] жіптерді желімдемес бұрын ою-өрнекке желім жағып алады.

Желімнің үстіне жіптерді салып, сүлгімен бастырып [illegible].

[illegible] ойлаған ою-өрнек үлгісін таңдап жүргіземіз.

Әр бала өзінің не жасағанын айтып береді.

Ою-өрнек элементтерін атап айтады, түр-түсі орналасуына назар аударады.

**Қорытынды бөлім:**

Балалар еңбек нәтижелерін талдайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.

2 Тоқаев Қ-Ж. Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». –Нұр-Сұлтан, 16 наурыз 2022. https://www.akorda.kz/

3 Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан 2020 ж.

4 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің стандарты. -Астана. 2020. -30 б.

5 Құнанбаев А. Қалың елім қазағым, өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. -Алматы. 2015. 384 б.

6 Ү.Ә.Тұрғынтаева., А.Т.Үлекова. Мектеп алды даярлаудың педагогикалық психологиялық шарттары. Тараз.2007.

7 Елубаев С., Елубаева С. Дидактикалық ойындар мен логикалық есептер-Алматы, 2015 -135б.

8 Керимбаева Р.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру.-Тараз, 2010.-120 б.

9 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 2002, 106 б.

10 Тәжібаев Т. Жалпы психология.- Алматы. 2003.-238 б.

11 Мұқанов М.Ми және психика // ҚМБ. -Алматы, 2006.- 125 б.

12 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: 2012.- 498 б.

13 Алдамұратов Ә. Жалпы психология. - Алматы, 1996.- 550 б.

14 Шерьязданова Х.Т., Ермекбаева Л.К. Коррекционная тренинг-программа по устранению трудностей в обучении детей младшего школьного возраста.- Алматы, 2004.-171 с.

15 Меңжанова А.К., Ә.Табылдиев. Әр кашан күн сөнбесін. – Алматы. 2007-45б.

22 Қ.Жарықбаев Қ., С.Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы. 1995-352б.

23 Әмірова Ә. Ересек тобында балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. - Алматы, 2004.-190б.

[illegible] Шоранов. Мектеп жасына дейінгілерге [illegible] Алматы. 2009-156 б.
[illegible] игры и упражнения по сенсорному [illegible] дошкольников (под.ред.Л.А.Венгера). – М: 2008- [illegible]
[illegible] Рисование в дошкольном детстве. – М: 2007- [illegible]
[illegible] Тәрбие әліппесі. – Алматы. 2004.-184 б.
[illegible] Серуен кезінде балаларды табиғатпен [illegible] Алматы. 2001,133б.
[illegible] Очерки психического развития ребенка.- [illegible]
[illegible] Мышление дошкольника.- М., 1997.
[illegible] Активизация учения школьников.- М., 2002.- [illegible]
[illegible] жұмбақтар. Алматы, 2005, 351 б.

**Р.К.Керимбаева, Ш.Т.Жұматаева, Ғ.Н.Крымбаева, С.Б.Көшімбетова**

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ**

**Оқу-әдістемелік құрал**

Техникалық редактор С.М. Қосбол
Редакциялық сектор жетекшісі Г.М. Алдыкеева
Компьютерлік беттеу Г.Н. Дәуірбекова

Баспаға 05.05.2021 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х80 1/16. Есепті б. т. 9,0. Шартты б. т.9,2.
Таралымы 300. Тапсырыс 748

ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.»
«Алтын баспа» баспасы
080000, Тараз қ., Қазыбек би көшесі, 138